После распаковки предполагается, что один человек может поднять прибор. Плотно захватите прибор спереди и по бокам, поднимите вверх, обеспечьте достижение стабильного баланса и поднимайте вверх до нужного места на монтажной планке. Если размещение на монтажной планке производится 2-мя лицами, обеспечьте плотный захват котла спереди, по бокам и под основой котла. Обеспечьте скоординированные движения обоих рабочих, чтобы равномерно распределить нагрузку. Если размещение производится одним лицом, рекомендуется плотно захватить котёл под основу. Соблюдайте правила безопасности, поднимая груз - держите спину ровно, нагинайтесь, перенося тяжесть на ноги при поднятии груза с земли. Не изгибайте тело - вместо этого, измените положение ног. Держите котёл, как можно ближе к себе в ходе поднятия, чтобы свести к минимуму отклонение назад. При необходимости, всегда пользуйтесь помощью. Рекомендуется ношение прочных перчаток, обеспечивающих плотный захват, которые могут защитить от возможных повреждений вследствие наличия острых концов. Рекомендуется оценить возможный риск от переноса груза в пространство под крышей перед тем, как начинать саму процедуру, и принять во внимание наличие доступа, стабильность полового покрытия, освещение и прочие факторы; принять необходимые меры.

С правом на изменения

Поставщик в РФ:
ООО Вайлант Груп Рус
Адрес:
123423, Россия, г. Москва,
ул. Народного ополчения, 34, стр.1
Тел. : +7(495)788-45-44
Факс : +7(495)788-45-65
Эл. почта: info@protherm-ru.ru
www.protherm.ru

Производитель:
Türk DemirDöküm Fabrikaları
A.Ş. 4 Eylül Mah. İsmet İnönü
Cad. No: 245, 11300
Bozüyük- Bilecik / Turkey

Представительство
"Vaillant GmbH"в Республике
Беларусь Адрес:
220108, Республика Беларусь,
г.Минск, улица Казинца, дом 92,
корпус 1, помещение 3 (офис 16).


protherm

Құрастыру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық

Жылыту және ыстық сумен қамтамасыз етуге арналған қазандар

LYNX 11
LYNX 24
LYNX 28





EAC

Осы нұсқаулықтар мынадай тараулардан тұрады: «Құрастыру», «Техникалық қызмет көрсету және жөндеу», «Ақауларды анықтау», «Тетіктерді ауыстыру» және «Қосалқы бөлшектер». Нұсқаулықтар жабдықтарды жеткізу жинағының міндетті және ажырамас бөлігі болып табылады, Газ қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы ережелерге сәйкеседі («Құрастыру және пайдалану») және құрастыруды аяқтағаннан соң пайдаланушыға беріледі.

МАЗМҰНЫ	СИПАТТАМАСЫ	БЕТТЕР
КІРІСПЕ	Ескерту хабарламалары Маңызды ақпарат Заңмен қарастырылған талаптар Қазанның құралымдық орындалуы Сақтандырғыш құрылғылар, Техникалық қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу және қосалқы бөлшектер Қазанның мамандануы Қазанның құрамдас тетіктері	
ҚҰРАСТЫРУ	Қазанның габариттері және гидравликалық сызба Қазанның орналасқан жерін, саңылаулар мен желдетуді таңдау Түйіспелі қысқаштар арасында түтін құбыры мен саңылаулардың нұсқалары Су құбыры жүйесі – Жылыту – Тұрмыстық ыстық су Құрастыруға дайындық / Қазанды ілу / Суды қосу / Сақтандыру-түсіру клапаны Электр қосылысы Пайдалануға енгізу	
АҒЫМДАҒЫ ЖӨНДЕУ	Техникалық қызмет көрсету Ақаулардың сипаттамасы Параметрлерді теңшеу Шілтердің шүмегінде қысымды реттеу Газдың басқа типіне қайта теңшеу Өзара ауыстырылатын тетіктер Қолмен тиеу-түсіру	

ЕСКЕРТУ ХАБАРЛАМАЛАРЫ

Газдың жылыстауы және ақаулар

Сақтандырғыш бекіткіш газ клапанын бірден жабу қажет. Жанудың барлық көздерін жою керек: шылым шегуге болмайды, дәнекерлеу шамын, термоауаүрлегіштерді және т.б. алып тастау керек. Электр жарығын немесе электр құралдарын қосуға және ажыратуға болмайды. Барлық есіктер мен терезелерді ашып, бөлмені желдету қажет.

Металл бөлшектер

Қазанның металл бөлшектері (құрамдас бөліктері) бар. Қазанды пайдалану және тазалау кезінде жиектеріне аса назар аудара отырып, абай болу қажет.

Герметикалық бөлшектер

Ешбір жағдайда да пайдаланушы герметикалық бөлшектерді бұзып алуына немесе түзетуіне болмайды.

Маңызды ақпарат

Газдың санаты

Қазан ТГ-да және СМГ-да да жұмыс істей алады.

Өндірілген күні этикеткада және шильдикте мынадай форматта көрсетілген.

ай/жыл. Бұйымның сериялық нөмірінде шығарылған күні туралы мәлімет бар: 3 және 4 сан – өндірілген жылы, 5 және 6 сан – өндірілген апта.

ЕСКЕРТУ

Қазанды өндіру кезінде пайдаланылған заттар денсаулыққа зиянды әсер етпейтініне қарамастан, кейбір құрамдас бөліктер (оқшаулағыш төсеме, тығыздағыш және тығыздағыш бунама) синтетикалық талшықтардан жасалған.
Зақымдалған немесе үзілген кезде бұл талшықтар қышынуға әкелуі мүмкін. Жоғары тозаңдылық көздерді және жоғарғы тыныс алу жолдарын тітіркендіруі мүмкін. Жоғарыда баянадалғанның негізінде бөлшектерді ауыстырған кезде саналы сақтық шараларын қолдану маңызды.
ЕГЕР сіз тері ауруларымен ауырсаңыз, сіздің теріңіз тітіркенуге бейім болуы мүмкін.
Қалыпты жағдайда пайдалану жайсыздық тудырмауы тиіс, алайда гигиена ережелерін сақтау және ас ішер алдында, сусын ішерде және дәретханаға барғаннан кейін қол жуу керек.
ЕГЕР көзіңіз тітіркенсе немесе теріде өзгерістер болса, медициналық көмекке жүгініңіз.

Қолмен тиеу-түсіру

Құралдың салмағы бір адам көтеруге ұсынылған салмақтан асады. Қосымша ақпарат алу үшін 16-бөлімге жүгініңіз.
Қазанды тасымалдау кезінде көтеру, итеру және сүйреу сияқты әрекеттер қолданыла алады.
Қаптарға арналған арбаны пайдалану қажет болуы мүмкін.
Тасымалдаудың келесі тәсілдері мен сақтық шараларына көңіл аудару қажет:

- Қазанды негізінен ұстау керек

Заңмен қарастырылған талаптар

- Қажетті дене күшінің болуы
- Қорғаныс киімін пайдалану, мүмкіндік болса, мысалы қолғап, аяқ киім киген жөн.

Көтерген кезде сақтық шараларын сақтау керек.

- Арқаны түзу ұстау.
- Белде бұруларды болдырмаңыз.
- Дененің үстіңгі бөлігін/омыртқаның мойын бөлігін қатты иілтпеңіз.
- Қапсыруды әрқашан алақанның көмегімен жүзеге асырыңыз.
- Бұл мақсатқа арналған тұтқаны пайдаланыңыз.
- Жүкті өзіңізге барынша жақын ұстаңыз.
- Қажет болған жағдайда көмекке жүгініңіз.

Электрмен қамту

Қазан жерлендірілген болуы тиіс.Барлық құрамдас бөлшектер пайдалануға мақұлданған типті, ал электр сымдар электр сымдарды салу жөніндегі талаптарға сәйкес келуі керек.
Ішкі сымды жерлендіру және қатысы бар стандарттарға сәйкес полярлау қажет.
Қазан 50 Гц, 230В ауыспалы токпен тұрақты электрмен қамту көзіне қосылуы керек.
Қазанның барлық электр жүйесін, оның ішінде қыздыруды реттеу құрылғысын электрмен қамту көзіне қосу бір тарату құрылғысы арқылы жүзеге асырылуы және ең көбі 3 амперлік ерігіш сақтандырғышпен жабдықталуы тиіс.
Оқшаулау ерігіш сақтандырғышпен жабдықталған, түйіспелердің әр полюста 3мм үзілуімен екі полюсті ажыратқышты орнату арқылы орындалады. Екі полюсті ажыратқыш құралға жақын оңай қол жеткізуге болатын жерде орналасуы тиіс. Таңбалау пайдалану мақсатын көрсетуі керек.

Сынау және сертификаттау

Қазан пайдалану қауіпсіздігі мен тиісті пайдаланушылық параметрлердің болуына тестіленеді және сертификатталады. Жоғарыда баяндалғанның негізінде Protherm компаниясының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз қазанды қайта жабдықтауға жол бермеу өте маңызды.

Заңмен қарастырылған талаптар

МАҢЫЗДЫ

Аппаратты орнату және монтаждау кезінде жабдықтың осы түріне және оның маңайына қатысы бар нормативтік құжаттардың ережелерін сақтау керек. Қазандарды орнату кезінде еліңізде қолданыстағы құрылыс нормалары мен ережелерін, газ бөлу және газ пайдалану, тұтынушылардың ПУЭ, ПТЭ/ПТБ электр қондырғыларының қауіпсіздігі ережелерін, сол елдімекенде қолданыстағы нормалар мен ережелерді, сонымен бірге газ және электрмен жабдықтайтын ұйымдардың жергілікті ұйғарымдарын басшылыққа алу керек.
Орнату орнын таңдауды келісу, келу-сору желдетуді ұйымдастыру еліңізде бекітілген тәртіп бойынша ел үшін қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.
Нұсқау!
Осы нұсқаулық ресми баспа беттерінде жарияланатын нормативтік құжаттарға ғана сілтеме береді. Осы нұсқаулық ресми құжаттардан артық күші бар ретінде қаралмауы тиіс, алайда, ресми құжаттардың талаптарына қарағанда қатаңдау және орындауға міндетті талаптардан тұруы мүмкін.

Орнатқаннан кейін қазанды пайдалануға енгізуді Protherm фирмасы аттестаттаған мамандандырылған ұйымның маманы ғана жүргізе алады.
Соңғысы қазанды орнатудың дұрыстығы, сонымен бірге қолданыстағы заңнамаға сәйкес жабдықтарды пайдалануға енгізу үшін жауапты болады.

Кепілдік шарттары

PROTHERM Lynx газ қазандығына кепілдік Бұйымның паспортына және Құрастыру және пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген басқа шарттарға сәйкес беріледі.

Газбен қамту

Ішкі газ құбыры қатысы бар стандарттарға сәйкес орнатылуы тиіс.
Газбен қамту жүйесіне қосудың ішкі диаметрі газ есептеуіштен қазанға газ келтіру штуцеріне дейін кемінде 22 мм құрауы керек.
Қазанға кірер кезде 20 мбар тең (табиғи газ үшін) тұрақты жұмыс қысымын қамтамасыз ету үшін газ есептеуішті келтірудің тиісті өлшемі болу керек.
Осы көзден барлық басқа тұрмыстық газ құралдарына қызмет көрсетуге қойылатын талаптарға қосымша.

Құрастыруды аяқтағаннан кейін, жоғарыда көрсетілген стандартқа сәйкес қысымды өзгертуді туындату және жылыстауды анықтау үшін арнайы сұйықтықты пайдалану арқылы ішкі газ құбырын герметикалылыққа тестілеу жүргізіледі.

Тұрмыстық ыстық су

Ыстық судың барлық сулы контурлары, қосылулар мен арматура сумен қамту жөніндегі тиісті стандарттар мен нормативтік ережелердің талаптарына сәйкес келеді.

Қазанның құрылымдық орындалуы

Қазанның құрылымдық орындалуы

Lynx қазаны жылутасығыштың - су және ыстық шаруашылық суды әзірлеуінің мәжбұрлі циркуляциясымен жабық жылыту жүйесінде жылытудағы жылугенераторы ретінде пайдалануға арналған.
Сорғы, кеңейткіш бак және тиісті сақтандыру құрылғылары барлығы қазанда орналастырылған.
Құрал қазанның қатуының алдын алатын қатудан кіріктірілген қорғау құрылғысымен жабдықталған.
Басқару блогының параметрлерін теңшеуді аяқтағаннан кейін қазан автоматты түрде жұмыс істейді.

Сақтандырғыш құрылғылар

Электр қуатын апатты ажырату

Қазан электрмен жабдықтау көзіне қосусыз жұмыс істемейді. Қазанның стандартты жұмысы электрмен жабдықтау қалпына келтірілген кезде қайта жанданады.
Орталықтан жылыту жүйесі жұмысының қалыпты жұмыс режимін қалпына келтіру үшін барлық сыртқы бақылау құрылғыларының параметрлерін қайтадан орнатыңыз.
Егер қазанды қалыпты жұмыс режиміне қайтару мүмкін болмаса, құралдың параметрлерін қайтадан теңшеуді жүзеге асыру керек. Гер бұл операциядан кейін де қазанның қалыпты қызметі қалпына келмесе авторланған сервистік қызметке немесе Protherm өкілдігіне жүгіну керек.

Қызып кетуден сақтайтын құрылғы

Қазанның бағдарламалық жасақтамасы қызып кету ықтималдығын алдын ала танып білетіндей етіп әзірленген (қазанды бұғаттау функциясы). Негізгі жылуалмастырғыштар келіп түсетін су температурасы шығару мұржасында орналасқан қызып кету термостатымен бақыланады.

Техникалық қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу және қосалқы бөлшектер

Егер судың температурасы аса жоғары болса газ клапанын электрмен жабдықтауды тоқтататын және «қазан» жұмысын бұғаттайтын ажыратқыш іске қосылады. Бұл функцияны іске қосқан кезде басқару түұйсешегін ажырату (15 секундқа) және оны қайтадан қосу арқылы қазанды қайта теңшеуді қолмен жүргізу керек.

Судың қысымы төмен
Гидравликалық басқаруы бар қысымның негізгі датчигі су қысымын немесе судың жеткіліксіздігін негізінен гидравликалық контурда бақылайды және қысым 0,3 бардан төмен түссе қазанжы ажыратады. Қазан контурдағы қысым қалпына келтірілмегенге дейін жұмыс істемейді.

Түтін мұржасынан шығыстағы бу шлейфі
Жабық жану камерасы: қазан желдеткішінің мойнағында орналасқан прессостат қазанның түтін газдарын шығару функциясын бақылайды. Егер түтін мұржасының ішінде ішінара тығындалу пайда болса желдеткіш өз жұмысын жалғастырады, алайда қазан шілтері ажырайды және тығындалуды жойғанға дейін жұмыс істемейді.

Қатудан қорғау
Құрал қатуды болдырмайтын кіріктірілген қорғаныс құрылғысымен жабдықталған. Егер қазан пайдаланылмаса, қату қаупі туындайды. Бұл жағдайда электр және газбен үздіксіз қамтуды қамтамасыз етіңіз. Қорғаныс құрылғысы қазандағы судың температурасы 5°C-дан төмен түссе қазанды автоматты түрде іске қосады. Температура 15°C-ға жеткен соң қазан өшеді.
ЕСКЕРТУ: Бұл құрылғы бөлмелік термостаттың белгіленген параметріне тәуелсіз қызмет етеді және қазанның қорғанысын жүзеге асырады, бірақ барлық жүйенің қорғанысына кепілдік бермейді. Циркуляция сақинасының әлсіз секциялары тиісінше жылуоқшаулаунғанына көз жеткізіңіз.

Техникалық қызмет көрсету және ағысдағы жөндеу
Қазанның ұзақ, тиімді және қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету үшін оны тексеру және қызмет көрсетуді жүйелі түрде жүргізу ұсынылады. Қызмет көрсету жиілігі құрастыру мен пайдаланудың айрықша шарттарына байланысты, алайда ол жылына кемінде бір рет жүргізілуі керек.
Техникалық қызмет көрсету/ағымдағы жөндеуді пайдаланылатын елде қолданылатын ережелерге сәйкес құзырлы тұлға жүзеге асыруы тиіс.
Сервистік қызмет алу үшін Protherm авторланға,н сервистік орталығына жүгініңіз. Өте маңызды мәселе жабдықтарды құрастыру жөніндегі инженердің құрастыру, пайдалануға енгізу және техникалық қызмет көрсету бойынша орындалған жұмыстарды құжаттандыруы және осы құжаттаманы пайдаланушыға беруі болып табылады.

Қосалқы бөлшектер
Құралдың қандай да бір тетігін ауыстырған кезде жұмыс қауіпсіздігі мен пайдалану сипаттамалары бойынша біз талап ететін техникалық маманданға шынында сәйкес келетін қосалқы бөлшектерді ғана пайдалану керек. Protherm мақұлдамаған жаңартылған не болмаса ұқсас тетіктерді пайдаланбаңыз. Қандай да бір тетік қажет болған жағдайда Protherm авторланған сервистік орталығына жүгініңіз.
Құралдың атауын көрсетіңіз – бұл ақпарат жабдықтың алдыңғы жағында орналастырылған тақтайшада берілген.
Кез келген күмандану жағдайында жергілікті газ компаниясынан кеңес сұраңыз немесе Protherm авторланған сервистік орталығына жүгініңіз.

Жою
Бұл жабдықтың көптеген бөлшектері қайта өңделетін материалдардан жасалған. Жабдық жеткізілген қаптама тиісті тәсілмен жойылуы тиіс.

Қазанның мамандануы

Қазанның құрылымдық орындалуы
Бұл қазандар мәжбүрлі циркуляциясы бар герметикалық сулы орталықтан жылыту жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде пайдалануға арналған. Сорғы, кеңейткіш бак және тиісті сақтандыру құрылғылары қазанның ішінде орналастырылған


Құрал қазанның қатуын болдырмайтын қатудан кіріктірілген қорғаныс құрылғысымен жабдықталған. Басқару блогының параметрлерін теңшегеннен кейін қазан автоматты түрде жұмыс істейді.

			LYNX11	LYNX24	LYNX28
Потужність					
Номінальна теплова потужність (макс)		кВт	12	25.3	29.1
Номінальна теплова потужність (мін)		кВт	10.5	10.5	13
Мінімальна теплова потужність (макс)		кВт	11	23.5	27
Мінімальна теплова потужність (мін)		кВт	9.2	9.2	11.3
ККД (теплова макс 80-60ºC)		%	88,2	93	92.9
ККД (теплова мін 80-60ºC)		%	88	88	
ККД (47ºC)		%	90.2	90.2	90.3
Пальник схема					
Теплоутворююча здатність (15°C - 1013 мбар)	Природний газ(G20)	мДж/м^3	34.02	34.02	34.02
	Бутан (G30)	мДж/кг	116.09	116.09	116.09
	Пропан (G31)	мДж/кг	88.00	88.00	88.00
Тиск газу на вході	Природний газ(G20)	мбар (кПа)	13-20 (1.3-2.0)	13-20 (1.3-2.0)	13-20 (1.3-2.0)
	Бутан (G30)	мбар (кПа)	30 (3.0)	30 (3.0)	30 (3.0)
	Пропан (G31)	мбар (кПа)	37 (3.7)	37 (3.7)	37 (3.7)
Витрата газу	Природний газ(G20)	м^3/г (13-20mBar)	1.39-1.26	2.73-1.14	3.079-1.376
	Бутан (G30)	мДж/м^3 (30mBar)	0.38-0.440	1.024-0.440	2.26-1.009
	Пропан (G31)	мДж/м^3 (37mBar)	0.55-0.440	1.024-0.440	2.26-1.009
Тиск палива на форсунку (мін- макс)	Природний газ(G20)	мбар (13-20 мбар)	3.0-2.3	2.3- 12.2	2.6-14.0
	Бутан (G30)	мбар	5.0-6.0	5.0-27.8	7.6-34.8
	Пропан (G31)	мбар	6.5-8.2	6.5-35.8	7.6-34.8
Діаметр інжектору	Природний газ(G20)	Ø мм (13-20 мбар)	1.30	1.30	1.25
	Бутан (G30)	Ø мм	0.79	0.79	0.79
	Пропан (G31)	Ø мм	0.79	0.79	0.79
Форсунка		N	11	11	13
Категорія газу			II2H3+ , II2E3B/P , II2E+3+ , II2H3B/P, II2HM3+		
Підключення димаря паливного газу		Ø	3/4”		
паливного газу схема					
швидкість паливного газу	макс	г / год	14.04	14.04	15.8
	мін	г / год	13.89	13.89	15.56
Температура паливного газу	макс	ºC	106.7	106.7	116.5
	мін	ºC	94.3	94.3	101.3
чисте повітря паливного діаметр		мм	100/80		
Підключення димаря паливного діаметр		мм	60/80		
вентилятор діафрагма діаметр		мм	37.0		
Тип підключення димаря			C12-C32-C42-C52-C62-C82-B22-B22P		
Підключення димаря паливного газу - довжина			60/100 мм -5.0 м (C12)		
			60/100-5.5 м (C32-C42)		
			80/125-5.5 м (C32-C42)		
			80/80 мм -15 м (C42-C52-C82-B22-B22P)		
центральне опалення схема (CH)					
Встановлений діапазон температур		ºC	30-85		
Макс центральне опалення літраж (75 ºC)		л	140		
PMC макс тиск (CH/DWH)		бар	3 (мін 0.8)		
судно тиск		бар	1.0 (±0.2)		
судно ємність		л	7 (±0.5)		
Приєднувальний фланець холодної води		Ø	1/2”		
Приєднувальний фланець гарячої води		Ø	1/2”		
Вода схема (DWH)					
Встановлений діапазон температур		ºC	30-64		
витрата води (ΔT:30 ºC)		л/сек.	10.7 (±%0.5)	10.7 (±%0.5)	12.7 (±%0.5)
PMW макс Вода тиск		бар	8		
мін Вода тиск		бар	0.25		
Приєднувальний фланець холодної води		Ø	3/4''		
Приєднувальний фланець гарячої води		Ø	3/4''		
Електрична схема					
Напруга- Частота			220-240 В 50 Гц		
Клас електричного захисту			IPX4D		
Потужність		Вт	98	98	98
Розміри					
Розміри	Упакований	мм	335x460x745	335x460x745	340x500x752
Розміри	Неупакований	мм	280x410x700	280x410x700	280x444x700
Вага	Упакований	кг	32	32	35.5
Вага	Неупакований	кг	29.5	29.5	33


LYNX 11 және LYNX 24 және LYNX 28 функционалдық сызбасы

Жабық жану камерасы

1. Желдеткіш
2. Прессостат
3. Бастапқы жылумен алмасқыш
4. Апаттық термостат
5. Жану камерасы
6. Кеңейткіш бак
7. Иондау электроды
8. Шілтер
9. Жағу электроды
10. Сорғы
11. Беру желісі температурасының датчигі
12. Газ клапаны
13. Төмен қысым релесі
14. Екінші жылумен алмасқыш
15. Үшжүрісті клапан
16. Су шығынының датчигі
17. Ыстық тұрмыстық су контурының сүзгісі
18. Қоректендіру клапаны
19. Сақтандырғыш-түсіру клапаны
20. Төгу вентилі
21. Желдеткіші бар тарту қалпағы
22. ГВС температурасының датчигі
23. Шектегіш термостат (98°C)
24. Автоматты ауабұрғыш
25. Кері желі температурасының датчигі
26. Шілтер
27. Жағу трансформаторы



A – Жылыту жүйесінің беруші құбыр желісі	(22 мм)
B – ГВС шығысы	(15 мм)
C – Газды келтіру	(22 мм)
D – Суық су кірісі	(15 мм)
E – Жылыту жүйесінің кері құбыр желісі	(22 мм)




2.1-сурет


Қазанның габариттері мен гидравликалық сұлбасы

LYNX 11 және LYNX 24 және LYNX 28 арналған сұлба (Жабық жану камерасы)

Барлық өлшемдер мм-мен көрсетілген (түсініктеме берілгендерін есептемегенде). Қазанның жалпы жинақталуы 2.1-суретте, лд жылыту мен ыстық тұрмыстық судың гидравликалық контурларын көрсететін гидравликалық және газ сұлбалары 2.2-суретте бейнеленген. Деректері бар кесте басқару блогының сыртқы қақпағында орналастырылған.



ОРТАЛЫҚТАН ЖЫЛЫТУДЫҢ ГИДРАВЛИКАЛЫҚ КОНТУРЫ



ТҰРМЫСТЫҚ ЫСТЫҚ СУДЫҢ ГИДРАВЛИКАЛЫҚ КОНТУРЫ

2.2-сурет

2.2. Ыстық сумен қамту (ЫСҚ)

Ыстық суға сұраныс туындаған кезде қазан автоматты түрде жұмысын бастайды. Кіріктірілген сорғы іске қосылады, ол қазанның бірінші контурының жылу тасығышының екінші жылуалмасқыш арқылы циркуляциясын қамтамасыз етеді, бұл келіп түсутені суық суға жылуды үздіксіз беру үдерісін ұстауп тұруға мүмкіндік береді. Қазанның электронды бақылау блогы шілтер жұмысын ЫСҚ температурасының талап етілетін деңгейін ұстап тұратындай етіп автоматты түрде реттейді.
Ыстық су тұтыну бар болғанда кран арқылы келіп тұрады. Ыстық суға тұтыну таусылғанда қазанның ішіндегі артық жылуды жою үшін кіріктірілген сорғы мен желдеткіш қысқа уақыт мерзімінде (10 секунд) жұмысын жалғастырады.

ЫСҚ және жылыту режимі

Жылытуға сұраныс туындаған кезде қазан автоматты түрде жұмысын бастайды. Кіріктірілген сорғы іске қосылады, ол қазанның бірінші контурының жылу тасығышының орталытан жылыту жүйесінің құбырлары арқылы айналуға мүмкіндік береді. Қазанның электронды бақылау блогы шілтер жұмысын талап етілетін жылыту жүктемесін қамтамасыз етіп, автоматты түрде реттейді. Жылыту жүйесіндегі жылу тасығыштың температурасы артатын болғандықтан газдың шілтерге келіп түсуі керісінше азаяды, бұл энергияны үнемдеуге мүмкіндік береді және тиімділігін арттырады.
Жылытуға тұтыну жоғалғанда шілтер жұмысын тоқтатады, ал қазан жылыту қажет болғанға дейін күту режиміне көшеді. Қазанның ішіндегі артық жылуды жою үшін кіріктірілген сорғы бірақ уақыт жұмыс істеп тұрады.

ЕСКЕРТУ:

ЫСҚ қажеттілігін қамтамасыз ету басым сипатқа ие және сол уақыт аралығына жылыту режимін бұғаттайды. **ЫСҚ** қажеттілігі жоғалғанда қазан уақытша іркіліспен немесе онысыз жылытудың жұмыс режиміне автоматты түрде көшеді. НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Жылыту жүйесінде қазанның жұмысын қалпына келтірер алдында 45 секундқа іркіліс PP08 параметрі 1-ге орнатылған жағдайда болады.

3 Қазанның орналасу орнын, саңылаулар мен желдетуді таңдау

3.1 Орналасқан жері
Бұл қазан үй-жайдан тыс құрастыруға арналмаған. Қазан ілеспе жабдықтармен бірге жобалау құжаттамасына, қолданыстағы заңдар мен техникалық нормаларға, өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатылуы және пайдаланылуы тиіс. Қазан сол үшін арналған арнайы үй-жайда орнатылуы тиіс.


3.2 Саңылаулар
Қазан 3.1-суретте көрсетілгендей етіп, қызмет ету және техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыруды қамтамасыз етуге қарастырылған ең аз саңылауларды сақтаумен орналастырылуы тиіс.
Қазанның маңайындағы қосымша саңылаулар құрастыру және техникалық қызмет көрсету кезінде қосымша жайлылық бере алады.
Сырттан қолжеткізу мүмкін болмағанда түтін мұржасын құрастыруға қатысты 3.1-суретте көрсетілгеннен өлшемі үлкенірек саңылауларды қамтамасыз ету қажет болуы мүмкін болғанда түтін мұржасын ішінен орнату үшін қажетті кеңістікті ескеру керек.

3.3 Ағаш құрылыстар
Егер қазан ағаш құрылыстарда оорнатылатын болса, құрастыру жанғыш негізде жылугенераторларды орналастыру жөніндегі қолданыстағы талаптарды сақтаумен жүргізілуі тиіс. Күмін туындаған кезде жергілікті газтарату ұйымына немесе Protherm компаниясына жүгініңіз.

3.4 Жанғыш материалдар
Қазан мен түтін газдарын шығару жүйесін келесі шарттарды сақтай отырып, жанғыш материалдарға тікелей немесе оларға жақын орнатуға болады:
1) Қазан жанғыш материалдардан кемінде 1 метр жерде орналасуы тиіс, ал жылу сезгіш қабырғаларды тиісті оқшаулаумен қорғау керек.
2) Түтін мұржасының айналасында (ауаны жинақтаушы) ең кішкентей 5 мм саңылауды қамтамасыз ету қажет.
3) Жанғыш материалдардан жасалған беттер мен бекітуші тетіктер тіреу ретінде жарамды.
4) Қазан корпусынан ең аз саңылаулар сақталуы тиіс.


3.5 Бөлмені желдету
Жабдық тиісінше желдетілетін жерде орнатылуы тиіс.

3.6 Шкаф пен бөлікті желдету
Егер қазан қандай-да бір бөлікте орнастылса, салқындату мақсатында мәжбүрлі желдетуді қамтамасыз ету керек.
Шкаф пен бөліктің желдету саңылаулары әрқашан ашық және алдына еш нәрсе үйілмегеніне көз жеткізіңіз.
Қазан орнатылған бөлік осы мақсат үшін жобаланған және әзірленген болуы тиіс.
Қолда бар шкаф немесе бөлікті пайдаланудың осы мақсатына жауап беретіндей етп жаңартылған болса пайдалануға болады.



3.1-сурет

4. Мұржалардың нұсқалары және түтін шығару құбыры баулығындағы саңылаулар



Автомобильге арналған қалқа астында



4.1-сурет

КӨЛДЕНЕҢ МҰРЖАЛАР

A	ТІКЕЛЕЙ ТЕСІКТІҢ АСТЫНДА, ҚУЫС КІРПІШ, ТЕРЕЗЕ	300
B	ТІКЕЛЕЙ ТЕСІКТІҢ ҮСТІНДЕ, ҚУЫС КІРПІШ, ТЕРЕЗЕ	300
C	ТЕСІККЕ ҚАТЫСТЫ КӨЛДЕНЕҢ, ҚУЫС КІРПІШ, ТЕРЕЗЕ	300
D	НӨСЕР НАУАСЫНЫҢ, СУ АҒУ/КӘРІЗ ҚҰБЫРЫНЫҢ АСТЫНДА	25
E	ТӨБЕ АСТЫНДА	25
F	БАЛКОН НЕМЕСЕ АВТОМОБИЛЬГЕ АРНАЛҒАН ҚАЛҚА АСТЫНДА	25
G	ТІК СУ АҒУ ҚҰБЫРЛАРЫ МЕН КӘРІЗ ҚҰБЫРЛАРЫНАН	25
H	ІШКІ/СЫРТҚЫ БҰРЫШТАРДАН	25
H *	ТҮТІН ШЫҒАРУ ҚҰБЫРЫНЫҢ БАУЛЫҒЫ БОЙЫНДАҒЫ ЖАЗЫҚТА	300
I	ТОПЫРАҚ ДЕҢГЕЙІ НЕМЕСЕ БАЛКОН ДЕҢГЕЙІНІҢ ҮСТІНДЕ	300
J*	ТҮТІН ШЫҒАРУ ҚҰБЫРЫНЫҢ БАУЛЫҒЫНА БҰРЫЛҒАН БЕТ НЕ ЖАЗЫҚТАН	600
K	ТҮТІН ШЫҒАРУ ҚҰБЫРЛАРЫНЫҢ БАУЛЫҒЫНА ҚАРАТЫЛҒАН	1200
L	ТҰРҒЫН ҮЙ ЖАҚҚА АВТОМОБИЛЬГЕ АРНАЛҒАН ҚАЛҚА СТЕСІГІНЕН (ЕСІК/ТЕРЕЗЕ)	1200
M	ТҮТІН ШЫҒАРУ ҚҰБЫРЫНЫҢ БАУЛЫҒЫНАН ТІК	1200
N	ТҮТІН ШЫҒАРУ ҚҰБЫРЫНЫҢ БАУЛЫҒЫНАН КӨЛДЕНЕҢ	1500

ТІК МҰРЖАЛАР

P	ТҮТІН ШЫҒАРУ ҚҰБЫРЫНЫҢ БАСҚА БАУЛЫҒЫНАН	1200
Q	ШАТЫР ДЕҢГЕЙІНІҢ ҮСТІНДЕ	300
R	ЕҢ ЖАҚЫН ТЕРЕЗЕДЕН	1000
S	МҰРЖАҒА ЕҢ ЖАҚЫН ҚАБЫРҒАДАН	300

4-2-сурет

4.1 Мұржа нұсқалары

4.1-суретте көрсетілгендей мұржалардың көптеген нұсқалары бар. Мұржалардың ұзындығы мен орнату сипаттамасы 9-бөлімде берілген.

4.2 Түтін шығару құбыры баулығының орналасуы

Түтін шығару құбыры баулығының түрлі кедергілерден, басқа түтін шығару құбырының баулықтарынан және желдету саңылауларынан ең аз шекті қашықтығы 4.2-суретте берілген.

Түтын шығару құбырының баулығын орналастыру үшін Ресей Федерациясының аумағында қолданыстағы нормативтік құжаттарда сипатталған ең аз қашықтықтар сақталуы тиіс.


Түтін шығару құбырының баулығы ауаның үнемі еркін өтуін қамтамасыз етумен сыртқы жаққа шығарылуы тиіс.

Түтін шығару құбырынан шығыста бу шлейфі пайда болуы мүмкін. Түтін шығару құбырының баулығын орнату кезінде бұны ескеру керек. Автомобильге арналған қалқа немесе шатырдың басқа шығып тұратын бөліктері немесе шатыр және бір қабырға кез келген саңылау, есік, желдету шығысы немесе төбе астындағы терезеге қатысты аса назарды талап етеді. Егер шатыр пластиктен жасалған болса, оны қорғауға мұқият қарау керек. Егер автомобильге арналған қалқа екі немесе одан көп қабырғадан тұрса, қазанды орнатар алдында жергілікті газтарату компаниясынан кеңес алу керек. H* және J* 4.2-суретті қараңыз. Арақашықтық деректері құрылыс нормалары мен ережелердің талаптарына сәйкеседі, алайда орналастыру орнындағы шарттарды ескере отырып, қабырғаның ластануын болдырмау үшін арақашықтықты үлкейту және бу шлейфіне әрекет ету қажет болуы мүмкін.

4.3 Түтін шығару құбырының баулығына арналған сақтандырғыш құрал

Сақтандырғыш құрал адам егер құбырдың баулығына абайсызда қол тигізіп алатын болса немесе оған зақым келу мүмкіндігі бар болса керек болады. Сақтандырғыш құралын орнату керек болса түтін шығару құбырының кез келген жағынан кемінде 50 мм саңылауды ескеру қажет және ол басқа қарағанда симметриялы орнатылуы тиіс. Сақтандырғыш 4.3-суретте көрсетілгендей болуы керек.

Өлшемі:280ммх280ммх270 мм


4.3-сурет

5 Су құбыры жүйесі – Жылыту

5.1 Жалпы ақпарат
Қазан беріліс құбырында ең көп қысым 3 бар болғанда есептелген температурасы 85°C кезінде мәжбүрлі циркуляциямен герметикалық жүйеде жұмыс істеу үшін жобаланған.


5.2 Сақтандыру-түсіру клапаны
Сақтандырғыш-түсіру клапаны қазанның ажырамас бөлігі болып табылады және жаңартыла алмайды. Сақтандырғыш-түсіру клапанына қосылған құбырдан ағын кіре берістің, терезенің немесе кез келген қоғамдық пайдалану орнының үстіне шығарыла алмайды.

5.3 Кеңейткіш бак
Қазанның ажырамас бөлігі сыйымдылығы 7 литр кеңейткіш бак алдын ала 0,5 бар қысымға реттелуі тиіс және орташа 75°C температурада және ең жоғары 3 бар қысым кезінде жүйедегі 125 л тең су көлемін қанағаттандырады. **ЕСКЕРТУ**: Кеңейткіш бак сыйымдылығы жүйедегі жалпы су көлеміне, сонымен бірге жүйедегі бастапқы есептік қысымға байланысты болады.
Егер жүйедегі су көлемі 125 л артық болса, жүйенің қажеттілігін қанағаттандыру үшін қосымша кеңейткіш бак орнату керек.
Қысым астындағы қосымша ыдысты стандартты орнату тәртібі 5.1-суретте көрсетілген.

5.4 Су шығыны
Су шығының өзгерту қажет болғанда жүйеге беріліс немесе кері құбыр желесіне бұғатталатын баптау клапаны орнатылуы тиіс; клапан 5.1-суретте «А» әрпімен белгіленеді. Қазан арқылы өтетін су көлемінің параметрі Қазанның техникалық сипаттамаларының кестесінде келтірілген мәннен төмен белгілеуге рұқсат етілмейді. Жылыту контуры беру жіне өңдеуде оң айырмашылық 20°C ескерумен температураның өсімін қамтамасыз ететіндей етіп құрылымдалған және теңгерімделген болуы керек.

5.5 Суды дайындау
Қолда бар жүйе – жаңа қазанды орнатар алдында жүйені толықтай мұқият жуу ӨТЕ МАҢЫЗДЫ.

Жаңа жүйе – орнатқаннан кейін оңтайлы өнімділікке қол жеткізу үшін қазан және орталықтан жылыту жүйесін жуу қажет.
МАҢЫЗДЫ: Антитотықтырғыш қосөқанға дейін барлық жуу құралдары жүйеден толығымен жойылғанына көз жеткізіңіз.
Қазан қақ тұнбаларының түзілуін ақырындататындай етіп құралымдалса да, кермек сулы жүйелерде, 200 мг/л, суық су желісінің құбырына тиісті қаққа қарсы агентті қосу керек.



5.1-сурет

5.6 Жалпы ақпарат
Орнату кезінде жылуалмастырғыш ауаның жиналатын табиғи орнына айналмауы өте маңызды, егер мүмкін болса құбыр желісін еңіспен салу керек, сонда ауаның артығы табиғи жолмен арнайы осы мақсатқа құрылымдалған ауаны шығару орындарына барады.
60°C температурадан төмен температурада қазанның ұзақ қызмет етуін көздейтін су көлемі үлкен немесе едендік жылытуы бар жүйелерде қазанның шығысында қазан корпусының ішінде орны бар, конденсатты болдырмайтын қоршау орнату керек. Бұл талап орындалмаған кезде өндірушінің кепілдігі күшін жояды.

5.7.Қоршау
Циркуляциялық сорғы жұмыс істеген кезде жүйеде судың үздіксіз айналымын қамтамасыз ету керек. Кері құбыр орағытумен жабдықталуы тиіс.
ЕСКЕРТУ: Қоршауды радиатор арқылы қамтамасыз ету мақсатында радиатор вентильдерін температураны реттеусіз пайдалануға жол берілмейді.
5.2-суретте жылыту жүйесі үшін қалған және қоршау параметрлеріне, сонымен бірге сорғы жылдамдығына тәуелді сорғы арынының биіктігі көрсетілген – «Пайдалануға енгізу» 10-бөлімін қараңыз.
Ешбір жағдайда су шығының параметрі белгіленген мәннен төмен түспегеніне көз жеткізіңіз; қазанның техникалық сипаттамалары кестесіне жүгініңіз.


5.8 Жылыту жүйесін толтыру
Қоректендіру клапаны арқылы сумен; 5.3-суретті қараңыз (қоректендіру клапаны қазанның жеткізу жинағына кірмейді).

5.9 Суды бұру нүктесі
Жүйенің барлық төменгі учаскелерінде дренаждық крандардың болуын қамтамасыз ету қажет, бұл барлық жүйеден суды төгуге мүмкіндік береді.


5.10 Су қысымы
Ыстық суды дайындау бойынша қазанның барынша тиімділігін қамтамасыз ету үшін қазанға суық су беретін құбыр желісін босату ұсынылады.

ЕСКЕРТУ: Қазан 2,5 л/мин беру қарқындылығымен 0,25 бар қысымға жеткенген дейін жұмыс істемейді. Тұрмыстық су ағынын ең көп шығындауды қамтамасыз ету үшін ең аз жұмыс қысымы 0,7 барды құрайды.
Ыстық тұрмыстық су контурының ең көп жұмыс қысымы 8 барды құрайды. Суық су беру құбыр желісінде қысым осы мәннен асып кетсе, редукциялық клапан орнату ұсынылады.
Егер суық су желісі су өлшеуішпен жабдықталса, клапанды тексеріңіз немесе бекіту кранын босатыңыз; ыстық тұрмыстық су үшін мини-кеңейткіш бак орнату қажет болуы мүмкін.
Ыстық су дайындау қазанының барынша тиімділігін қамтамасыз ету үшін вентильдерге келте құбырлар мыстан жасалуы және диаметрі 15 мм, барынша қысқа және жылуды жоғалтуды төмендету мақсатында оқшауланған болуы тиіс.

5.11 «Кермек» сулы аумақтар
Жылу алмастырғыштағы температураның мәні ыстық су құбырында қақтың түзілуін барынша азайту үшін қазанды реттеу жүйесінің көмегімен шектеледі. Алайда «кермектігі» жоғары аумақтарда (мысалы, 200 мг/литрден артық) ыстық су бойынша мәнді қаққа қарсы агент қосумен төмендету ұсынылады. Өндірушінің нұсқаулықтарына жүгініңіз немесе жергілікті су беру компанияларымен кеңесіңіз.



6 Құрастыруға дайындау



6.1-сурет

6.1 Қазанды жеткізу көлемі

Қаптаманың ішіндегісін тексеріңіз: қазан, құрастыру планкасы, қосу жинағы, құрастыру шаблоны, Құрастыру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық, Бұйымның паспорты, сервистік ұйымдардың тізімі.

Қолмен орын ауыстыру

МАҢЫЗДЫ: Қазанды қолмен тасымалдау ережелері «Қолмен тасымалдау» бөлімінде сипатталған.


Құралдың қаптамасын ашу көрсетілген 6.2-суретке жүгініңіз.

1. Желімделген лентаны абайлап кесіңіз де, алып тастаңыз, құралдың бетін сырып алмауға аса назар аударыңыз.
2. Қораптың қақпағын толық ашыңыз және нұсқаулықтарды және құрамдас бөліктерді алып шығыңыз.
3. Құралды құрастыру алдында нұсқаулықтарды мұқият оқып шығыңыз.
4. Қорапты бет жағын төмен қаратып аударыңыз.
5. Көтеріп, қораптың ішіндегісін шығарыңыз.
6. Құрастыру планкасы мен сервистік крандар жинағын алып шығыңыз.
7. Қазанды пенополистрол қорғаныс орамасындағы негізге қойыңыз және сыртқы қаптау бөлігін алыңыз.
8. Пенополистирол негізді алу үшін құралды артқы жағымен төменге жатқызыңыз.

6.2 Орнату орнына қойылатын талаптар

Қазан орнатылатын қабырға тегіс және оның салмағын көтере алатындай болуы тиіс.

ЕСКЕРТУ: Үй-жайдың түрлі жергілікті жағдайларына байланысты құрастыруды жүзеге асыратын компания барынша тиімді материалдарды пайдаланады деп есептеп, жеткізу жинағына бекітуге арналған арматураны жеткізу жинағына қоспаймыз.



6.2-сурет

6. Коаксиалды мұржаны орнатуға дайындық

6.3 Құрастыру шаблоны


Жеткізу жинағына енетін құрастыру шаблонын алыңыз да, қазан мен мұржаны орнату кезіндегі саңылауларға қойылатын талаптарды (3-бөлімді қараңыз) ескерумен қажетті жерге қабырғаға орнатыңыз.
Мұржаның ортасын белгілеңіз. Егер бүйірлік мұржа шығаратын болсаңыз, осьтік сызықты бұрышқа қарай, содан кейін ең жақын қабырға бойымен 170 мм ұзартыңыз. 6.3-суретті қараңыз.
Ұзартылған бүйірлік мұржаларға қатысты саңылаудың ортасы бүйірлік қабырғаға қарай панельге белгіленген үзік еңіс сызықпен, содан соң шектес қабырға бойымен 149 мм ұзартумен анықталады. 6.2-диаграмманы қараңыз. Үзік сызық қазанға қарағанда 44 мм/метр (2,5°) көтерумен жүргізіледі. Мұржаның қабырғадан осы бұрышпен өтуін қамтамасыз ету үшін сыртқы және ішкі құралымға қатыссыз 125 мм саңылауды бұрғылау қажет.
Мұржа үшін саңылауды бұрғылау кезінде қабырға панелін алып қойыңыз.



6.3-сурет

6.4 Мұржа үшін саңылауды дайындау

Мұржаны сыртқы жағынан орнату үшін диаметрі 105 мм қуыс бұрғыны пайдалануға болады.
Мұржаны ішкі жағынан орнату үшін диаметрі 125 мм қуыс бұрғы қажет болады.
ЕСКЕРТУ: Мұржа 44 мм/метр (2,5°) ішкі еңісті ескерумен жобаланған, сондықтан саңылауды көлденеңінен бұрғылауға болады. Ұзарту құбырларын пайдаланған кезде өлшемі 125 мм қуыс бұрғы қажет болады. Бұл ұзарту құбырларының қазанға қарағанда 44 мм/метр (2,5°) еңісте болуына мүмкіндік береді.




6.4-сурет

6.5 Қабырғаға ілуге арналған бұрамалар жинағы

Қабырғаға ілуге арналған бұрамалар жинағы қазанмен бірге жинақта жеткізіледі.
Құрастыру шаблонын қайтадан мұржа саңылауының үстіне орналастырыңыз да, қазанды ілуге арналған орнату саңылауларының қалпын белгілеңіз.

ЕСКЕРТУ: Орналасу орнының арнайы жағдайына байланысты құрастыруды жүзеге асыратын компания барынша жарамдысын пайдаланады деп есептеп, жеткізу жинағына бекіту элементтерін қоспаймыз,
8,5 мм бұрғының көмегімен орнату саңылауларын бұрғылаңыз және тиісті дюбельдерді қойыңыз.
Қабырғаға қазанды ілуге арналған бұраманы бекітіңіз.



6.5-сурет


6. Қазанды орнатуға дайындық

Қазанды орнатар алдында жеткізу жинағының ішіндегісін тексеріңіз: қазан, құрастыру планкасы, қосу жинағы, құрастыру шаблоны, Құрастыру және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық, Бұйымның паспорты, сервистік ұйымдардың тізімі. Қазанның габариттері 6.4-суретте көрсетілген.

6.7.1 Бақылау панелі есігінің ішкі жағында орналасқан негізгі деректері бар кестеге жүгініп, қазан газбен жұмыс істейтініне, сонымен қатар жүйе және қазанның орналасқан жері осы нұсқаулықтардың 5, 6 және 7-бөлімдерінің шарттарына сәйкесетініне көз жеткізіңіз.

6.7.3 Тік және көлденең деңгейлерді тексеріп, құрастыру шаблонын қабырғаға орналастырыңыз.

6.7.4 Құрастыру шаблонымен салыстырып отырып, бекітетін ұстағыш (құрастыру құралы ретінде бар) және құрастыру планкасы үшін 8,5 мм бұрғыны пайдаланып, саңылау бұрғылаңыз. Сол жерде жеткізу жинағына кіретін құрастыру планкасы мен бекітетін ұстағышты (егер жеткізілсе) орнатып, бекітіңіз. (6.6-сурет).



6.6-сурет

6.7.5 Құрастыру ұяшықтарын пайдалана отырып, қазанды құрастыру планкасына іліңіз. Қабырға қазанның салмағына шыдай алатынына көз жеткізіңіз.


6.7.6 Икемді қысқыш сақиналарды тиісінше орнатып, қазанға қосу жинағын қосыңыз.

6.7.7 Қазанды толтыру үшін қоректендіру клапанын сағат тіліне қарсы бұрап ашу керек. Жүйедегі қысым 2 барға жеткенде клапанды жабу керек.

6.7.8 ЫСҚ, суық су беру, кері және жылыту контурының беру құбырларын және қысымды түсіру клапанын қазанның арматурасына қосыңыз, соңғы бекіту кезінде құбы тиісінше жуылғанын тексеріңіз.

6.7.9 Қазанға электр қосылыстар осы нұсқаулықтың 8-бөліміне сәйкес орындалуы керек.

7 Қазанды ілу/Газды қосу/Суды қосу/ Сақтандырғыш-түсіру клапаны




7.1-сурет

7.1 Жүйені қосу

Сервистік кранды, тығыздағыш төмесе, құбырлар мен қосу жинағын қоса алып, қазанға қосыңыз, төсемелер тиісінше орнатылғанына көз жеткізіңіз. 7.1-суретті қараңыз.
Сервистік крандар жабық екеніне көз жеткізіңіз.

7.2 Қазанды ілу

Қазанды қажетті қалыпқа қойып, жоғарғы жағын қабырғаға сүйеңіз және ілгіш жұқа тақтайға тікелей орнатыңыз.
Қазанды құрастыру ұяшықтарына дәл келетіндей етіп, ілгіш жұқа тақтайға ақырын түсіріңіз. 7.2-суретті қараңыз.
МАҢЫЗДЫ: Қолмен тасымалдау жөніндегі ережелерді ескеріңіз.




7.2-сурет

8 Электр қосылысы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Бұл құралды жерге қосу керек. Бұл құралдың қосылыстарын тармақтау осы нұсқаулықтарға сәйкес орындалуы керек. Электр сымдарды қате тармақтаудан болған кез келген бұзылуға Protherm кепілдігі таралмайды.
Жүйенің барлық құрамдас бөлшектері пайдалануға мақұлданған болуы тиіс.
Автоматты тұйықтаушы немесе бағдарламаланатын ажыратқышты пайдалану арқылы желіден қоректендіруді үзбеңіз.
Барлық электр жүйесі мен жылыту жүйесінің кез келген бақылау құрылғысын электрмен жабдықтау көзіне қосу жалпы айыру құрылғысы арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Сыртқы бақылау құрылғыларын орнату қолданыстағы ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы керек.


8.1 Электр сымы

Қазан фабрикалық дайын электр сыммен және ұзындығы 1,5 м күштік кабельмен бірге жеткізіледі. Қазан жерге қосудың жұмыс жүйесіне қосылуы тиіс. Жеткізу жинағына кіретін кабельді пайдалана отырып, қазанды ерігіш сақтандырғышы бар екі полюсті автоматты кескіш ажыратқыш арқылы қосқан жөн, айырылған түйіспелер арасындағы саңылау әр полюсте 3 мм құрайды. Қосу нүктесіне оңай қол жеткізілетін болуы тиіс және құралдан 2,5 м аспай орналасуы, пайдалану мақсатына сәйкес белгісі болуы керек. Қазан мен бақылау жүйесінің толық электр оқшаулауын қамтамасыз ету қажет.



8.2 Бөлмелік термостаттың электр қосылысы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: ЕШБІР ЖАҒДАЙДА ДА ЖЕЛІЛІК КЕРНЕУ 24 ВОЛЬТ КЕРНЕУЛІ ТЕРМИНАЛДА ПАЙДАЛАНЫЛМАУЫ ТИІС.
Бөлмелік термостатты ҚОСУ/АЖЫРАТУ клеммдік қорабы басқару блогының артқы қақпағының сол жағында орналасқан. Бөлмелік термостаттың клеммдік қорабына қол жетімдікке ие болу үшін екі бұрамамен бекітілетін алдыңғы панельді алыңыз, ұстап тұратын екі қысқашты көтеріңіз. 8.1-суретті қараңыз.
Термостатты қазанға қосатын кезде (кернеусіз), термостаттың клеммдік қорабынан фабрикада орнатылған қорғаныс далдашасын алып тастау керек. 8.3-суретті қараңыз.




Бекіткіш бұрамалар

8.1-сурет



8.2-сурет



8.3-сурет. БӨЛМЕЛІК ТЕРМОСТАТПЕН

8.3-сурет

8.3 Басқару платасына қол жеткізу

Бақылау панелінің алдыңғы жағындағы екі алдыңғы ұстаушы қысқышты босатыңыз. 8.4-суретті қараңыз. Баспа платасында орналасқан желілік кернеуді қосуға қол жеткізу үшін қысқыштарды босатыңыз да, басқару құрылғысының қақпағын абайлап түсіріңіз (8.5-суретті қараңыз).8.6-суретті қараңыз)

ЕСКЕРТУ: Желідегі қосудың полярлығы дұрыс екеніне көз жеткізіңіз, себебі кері полярлық құралдың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ: Қазанның баспа платасы, үшжүрісті клапан және газ клапаны сияқты негізгі компонеттері 230 В ауыспалы токпен жұмысқа арналған конфигурациямен жеткізіледі, барлық басқа бөлшектер мен тиісті контурлар – төмен кернеумен жұмыс үшін арналған.

ЕСКЕРТУ: Электрмен қамту көзіне қосылу әр кезде де ыстық тұрмыстық сумен қамту, қатудан қорғау және сорғы торабының жұмысын қамтамасыз ету сияқты функциялардың жұмысы үшін ұсталуы керек. Қазанның электрмен қамтылуы ешбір сыртқы бақылау құрылғысымен үзілмейтініне көз жеткізіңіз.

8.4 Электр қосылысы – Тестілеу

Соңғы қосылуды жүргізер алдында алдын ала электр тесттерін төменде көрсетілгендей етіп жүргізіңіз:

1. Желілік кабельдерді жерге қосуды өлшеу жөніндегі оқшаулаудың кедергісін тексеріңіз.
2. Кабельдердің жерге қосу және қысқа тұйықталуының тұтастығын тексеріңіз.
3. Қоректендіруші желінің полярлығын тексеріңіз.



ҰСТАП ТҰРАТЫН ҚАПСЫРМАЛАР


8.4-сурет



ҚҰРАСТЫРУ ПЛАТАСЫНЫҢ ҚАҚПАҒЫ

ҰСТАП ТҰРАТЫН ҚАПСЫРМАЛАР

8.5-сурет



8.6-сурет

9 Пайдалануға енгізу



СОРҒЫНЫҢ АЙДАУ КЛАПАНЫН БІТЕГІШ

9.1-сурет

9.1 Жүйені толтыру

Қазанды сусыз пайдалануға болмайды.
Құрастыру кезінде техникалық фирма тиімді жұмыс қысымына қол жеткізу үшін қазан мен жүйені толтырады. Қысымның 1 мен 2 барарасындағы мәнін ұстап тұру үшін «үнемді/жайлы режим» түймешегін бір уақытта басып, қазанның қысымын үнемі тексеріп отыру керек. Егер қысым едәуір төмен түссе, қазанның жұмысы бұғатталады.



Қысымды СК-дисплейде көрсетілгендей 1,5 барға дейін көтеру үшін қазанның төменгі бөлігінде орналасқан қоректендіру вентилін ашып, жылыту жүйесін қоректендіру керек (9.2-сурет).
ҚЫСЫМДЫ 2,5 БАРДАН ЖОҒАРЫ КӨТЕРМЕҢІЗ, СЕБЕБІ ҚАЗАН БҰЛ ЖАҒДАЙДА ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙДІ. ҚАЗАНА ТІКЕЛЕЙ ҚОСЫЛАТЫН СЕРВИСТІК КРАНДАРДЫҢ ЕШҚАЙСЫСЫН ЖАППАҢЫЗ.
Еген қазандағы қысым жиі төмен түссе, құрастыруды жүзеге асырған компаниямен кеңесу керек.



9.2-сурет

Қазанды толтыру үшін қоректендіру вентилін сағат тіліне қарсы бұрыңыз және талап етілетін қысымға жеткенге дейін (1 мен 2 бар арасында) бұраңыз. Қоректендіру вентилін сағат тілі бойымен бұрап жабуды ұмытпаңыз. Олай болмағанда қысым үнемі өседі.

Жүйедегі қысым

Құрастыру кезінде техникалық фирма тиімді жұмыс қысымына қол жеткізу үшін қазан мен жүйені толтырады. СК-дисплейде көрінетін қазанның қысымын 1 мен 2 бар арасындағы мәнде ұстап тұруды қамтамасыз ету үшін жүйелі түрде бақылау керек. Егер қысымның едәуір немесе жиі түсуі байқалса, құрастыруды жүргізетін компаниямен кеңесіңіз.
МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУ: Құралдың кепілдігін сақтау мақсатында жылыту жүйесін бірінші рет толтырғаннан кейін бөгде бөлшектер мен ластануды жою үшін мұқият жуу керек.

9.2 Басқару панелінің функциясы

9.4-сурет. Жылыту контурындағы температура және Жылыту (Ж) және ыстық сумен қамту (ЫСҚ) контурларындағы температура

Бақылау құрылғысы: қазанның кіріктірілген бақылау блогы жылыту және ЫСҚ контурларының шығысында орналасқан датчиктердің көмегімен шығыстағы ЫСҚ суының температурасын, қазанның гидравликалық контурын реттейді. Температураға тәуелді датчиктердің электр кедергісі мәнді бақылау панелінде орналасқан бақылау потенциометрлерінің көмегімен анықтайды. Тиісті потенциометрдің реттегіш шкаласы талап етілетін ең жоғары температураны (сілтеме шама) қолмен теңшеуге мүмкіндік береді, ол орталықтан жылыту контуры үшін 30° және 85°C аралығында, ал контур үшін 35° және 64°C аралығында болуы мүмкін. Қазан жылыту немесе ыстық тұрмыстық су режимінде болғанда мән қолмен енгізілген мәнмен салыстырылады. Екі мәннің айырмашылығы газ клапанының модуляциясын қамтамасыз етеді, шығарылған пайдалы жылудың шығысын реттейді және температураны ±1° шегінде тұрақтандырады.

Түсіру функциясы: Егер қазан бұғаттанса, газдың келуі мен иондау электродының орналасуын тексеріңіз. Күту қалпын «0»-ге қойып, 15-30 секунд күтіп қазанды қайта қосуға болады.

Функционалдық ауыстырып-қосқыш:
Үш позицияға қойылатын ауыстырып-қосқыш қазанның «Күту» (орталық қалып), «Жылыту+ ЫСҚ» (сол жақ қалып) немесе «тек ЫСҚ» (оң жақ қалып) режимдері арасындағы жұмыс режимін өзгертуге мүмкіндік береді.




9.3-сурет



9.4-сурет

9 Пайдалануға енгізу



1. Жылыту жүйесінің температурасын теңшеу тұтқасы және «Жаз/Қыс» режимдерін таңдау
2. Ыстық сумен қамту жүйесінің температурасын теңшеу тұтқасы және «Қосулы/Ажырат. күйлері
3. «Үнемді/Жайлы» режимдері және түсіру түймешегі
4. СК экран (температура, параметрлер, ақауларды анықтау функциясы)



9.3 Пайдалануға енгізу

LYNX 24/28 модельді қазан фабрикада тестіленді және алдын ала теңшелді, жылыту және ыстық тұрмыстық су дайындау жөніндегі максималды өнімділігін қамтамасыз ету үшін бақылау басқару панелімен тиеп жөнелтілді.

Барлық қосылуларды орындағаннан және жүйенің есептік жұмыс қысымына жеткенге дейін қазанға су толтырғаннан кейін қазанды жылыту жүйелерінің талаптарына сәйкестікке панельде параметрлерді теңшеу рәсімін бастағанға дейін іске қосуға болады.

9.4 Құралдағы барлық сервистік крандар мен газ краны ашық екенін тексеріңіз, ыстық кранда су бар екенін тексеріңіз – оларды ашыңыз да қайта жабыңыз.

ЕСКЕРТУ: қазан суға толы ма жоқ па екеніне күміндансаңыз құрастыруды жүзеге асыратын компаниямен кеңесіңіз.

Қазанды су толтырмай іске қоспаңыз.

1. Сыртқы бақылау құрылғыларының жүйеге жүктемесі болмаған кезде.

Қазанды іске қосар алдында электрмен жабдықтау көзіне (СК-экранда көрінетін «Күту» индикаторы (нүкте ●) қосулы екеніне көз жеткізіңіз.

2. Жылыту және ЫСҚ контурларындағы су температурасын жылыту және ЫСҚ теңшеуді реттеу тұтқасын бұрап ең үлкен мәнге қойыңыз.

3. Радиаторлардың термостатикалық клапандарын және/немесе бөлмелік термостатты ең үлкен мәнге қойыңыз.

4. ЫСҚ температурасы тұтқасын (ҚОС./СӨНД.) СК-экранда көрініп тұрған температура және қысымның мәндері жоғалғанға дейін бұраңыз.

5. Қазанның бақылау блогы іске қосылудың алдын алып, қауіпсіздікті тексеруді автоматты түрде жүргізеді.

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУ:

Қазанды іске қосар алдында жылыту жүйесін жақсылап жуу ұсынылады. Жылыту жүйесінен тұнбалармен қазанның жылуалмастырғышының ластануынан туындаған ақауларға кепілдік таралмайды.

Қазанды іске қосыңыз да, жылыту жүйесіндегі жұмыс температурасына ең үлкен мәнге жетуге мүмкіндік беріңіз. Құбыр желісінің барлық арматурасын герметикалылыққа тексеріңіз, ауа клапандарының көмегімен радиаторлардан ауаны шығарыңыз. Жүйедегі қысымды тексеріңіз, қажет болса оны көтеріңіз.

Жылыту және ЫСҚ контурларындағы су температурасын, бөлмелік термостатты қалаулы мәнге қайтадан қойыңыз.

9.5 Қазанды теңшеу

Бақылау панелінің бет жағында орналасқан негізгі бақылау құрылғыларының қызметі мен пайдалану 1-суретте көрсетілген:

1. ЫСҚ температурасы – қос./сөнд. функционалдық түймешегі.: Бұл қазанның негізгі жұмыс түймешегі.

Қысымның мәні көрінген кезде қазан күту режимінде тұр және электрмен қамту көзіне ҚОСУЛЫ.



9.5-сурет

Қазанды іске қосу үшін СК-экранда температураның мәні пайда болып, қысымның мәні жоғалғанға дейін тұтқаны бұрау керек.

Жылыту контурының температурасының тұтқасын бұрап, қазанның жұмыс режимін қысқыдан жазғыға, не болмаса жазғыдан қысқыға өзгертуге болады.



9.5-сурет

Жазғы жұмыс режимін таңдау:


Егер экранда тек ЫСҚ белгісі ( ) пайда болса, қазан жазғы режимде жұмыс істеуге дайын дегенді білдіреді. Қазан ЫСҚ дайындауға ғана жұмыс істейді (жазғы пайдалану). Бұл белгі кран ҚОСУЛЫ кезде жарқырайды.

Егер жұмыс режимін жазғыдан қысқыға өзгерту керек болса:




Қазан электрмен қамту көзіне қосылғанына және газ клапаны «ҚОС.» қалпында тұрғанына көз жеткізіңіз.

Реттеу тұтқасын « » белгісіне орнатып, қазанды жазғы режимде пайдалану үшін температураны белгІлеңіз.




ЫСҚ контурында «Мин» және «Макс» арасындағы қалаулы мән СК-экранда пайда болғанға дейін ЫСҚ реттеу тұтқасын сағат тілі бойымен бұрап, температураны белгілеңіз, Жазғы режмде ыстық тұрмыстық су үшін температураның минимал және максимал нүктесі тиісінше 35-64°С құрайды.




Қазанның қыста жылыту және ыстық тұрмыстық су режимінде жұмыс істеуі үшін жылыту контурында қалаулы мән СК-экранда шыққанға дейін жылыту температурасын теңшеу тұтқасын сағат тілі бойымен бұрап, температураны белгілеңіз. Экранда бір уақытта екі белгі көрінеді – жылыту және ЫСҚ үшін ( ). Егер ЫСҚ белгісі жарқыраса, онда жұмыс ЫСҚ контурында жүріп жатыр, егер жылыту белгісі жарқыраса, қазан жылыту режимінде жұмыс істеуде.

Су жылутасығышының температурасы радиаторлық жылыту кезінде минималды 38°С мәннен максималды 85°С мәнге дейін және едендік жылыту кезінде минималды 30°С мәннен максималды 50°С мәнге дейін берілуі мүмкін, бұл жүйенің түрін ескерумен қазанды пайдалануға енгізу кезінде теңшелуі тиіс.




9 Пайдалануға енгізу

Қазанның ЫСҚ контурында температураны ЫСҚ реттеу тұтқасын сағат тілі бойымен қалаулы мән СК-экранда пайда болғанға дейін бұрап белгілеңіз. Су температурасы коммуналдық-тұрмыстық қамту суы үшін минималды 35°С-дан максималды 64°С-ға дейінгі шекте белгілене алады.



Қазанның СК-дисплейде көрінетін қысымы 1 мен 2 бар арасындағы мәнінің сақталуын қамтамасыз ету үшін жүйелі түрде бақылауын керек, Қазанды толтыру үшін қоректендіру вентилн сағат тіліне қарсы бұраңыз да, талап етілетін қысымға қол жеткізілгенге дейін (1 мен 2 бар аралығында) күтіңіз. Сағат тілі бойымен бұрап, қоректендіру вентилін жабуды ұмытпаңыз. Басқа жағдайда қысым үнемі артады. Егер жұмыс реимін қысқыдан жазғыға өзгерту керек болса:



5. Судың температурасы: Қазаннан жүйеге келіп түсетін су температурасы СК-экранда ЫСҚ контурындағы не болмаса жылыту контурындағы температура ретінде көрсетілген.

6. Ақау индикаторы: Бақылау блогы ақауды диагностикалайтын кіріктірілген функционалдық дисплеймен жабдықталған. Ақау болған жағдайда оның түрі СК-дисплейде код түрінде бейнеленеді. Ақаулар коды мен анықтамалар тізбесі 6-суретте берілген.

7. Қазанды бұғаттау: СК-экранда «ТҮСІРУ» (RESET) белгісі пайда болғанда қазанның параметрлерін қайта орнатуды жүргізу керек. Қазанды қайтадан іске қосу үшін функционалдық түймешекті бір рет басу жеткілікті.


8. «Үнемді режим/Жайлы режим/Түсіру» түймешегі:


- Осы түймешекке бір рет басу екі жақты тәртіпте «Жайлы» және «Үнемді» жұмыс режимдері арасында таңдау жасауға мүмкіндік береді.
- Осы түймешекті 2 секунд басып тұру СК экранда қысым мәнінің шығуын шақырады. Содан басқа бас мәзірге оралу да ол тәсілмен не болмаса ешбір түймешектерді пайдаланусыз 30 секундтан кейін жүзеге асырылады.
- Қазанды СК экранда ақау коды пайда болған кезде осы түймешекке бір рет басып қайтадан қосуға болады.
- Бұл түймешек бір рет басу бір параметрге арттыру үшін пайдаланылады.
- Сонымен бірге қандай да бір параметрді өзгерту үшін кіру осы түймешекті бір рет 2 секунд басумен жүзеге асырылады.
- Ең соңында бұл түймешек 2 секунд бойы басып тұру арқылы таңдалған параметрді сақтау үшін пайдаланыла алады.

Қазанды «Үнемді» режимде пайдалану:

- Зауытта үнемді және қысқы режимдерде жұмыс істеу үшін қазанға орнатылымдар жүргізілді.
- Температура жылыту режимінде жұмыс істегенде СК экранда «Е» белгісі пайда болады.
- «Үнемді» режимінен «Жайлы» режиміне ауысу үшін «Үнемді/Жайлы» түймешегін бір рет басыңыз.







Қазанды «Жайлы» режимде пайдалану:

- Қазан жалынның модуляциясын автоматты түрде жүргізеді, бұл температура белгіленген мәннен асып кетсе немесе оған жетпей тұрса ажыраусыз жұмыс істеуге мүмкіндік береді.
- СК экранда «С» белгісі пайда болады.
- «Жайлыдан» «Үнемді» режимге өзгерту керек болған жағдайда «Үнемді/Жайлы» таңдау түймешегін бір рет басыңыз.







10 Техникалық қызмет көрсету

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУ:

Қазанның ұзақ тиімді және қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету үшін талап етілетіндей жүйелі түрде тексеру және техникалық қызмет көрсетуді жүргізу ұсынылады. Техникалық қызмет көрсету жиілігі құрастыру және пайдаланудың айрықша шарттарына байланысты, бірақ қалай болғанда да қазанға қызмет көрсету кемінде жылына бір рет жүргізілуі тиіс.

2. Абсолют талап бұл техникалық қызмет көрсетуді құзырлы тұлғаның жүргізуі болып табылады.

3. Қазанды пайдалануға енгізер немесе бөлшектерін ауыстырар алдында қазанды электр қуаты көзінен ажырату, ал газ беруді газ краны арқылы жабу керек.

4. Құралдың қандай да бір тетігін ауыстыру кезінде біздің қауіпсіздік жөніндегі талаптар мен жұмыс сипаттамаларымызға сәйкес келетін қосалқы бөлшектерді ғана пайдаланыңыз. Protherm қосалқы бөлшектер каталогында жоқ жаңартылған немесе ұқсас бөлшектерді пайдаланбаңыз.

5. Егер қандай да бір электр қосылыстар ажыратылған болса, оларды қайта қосқаннан кейін тиісті электрөлшек құралының көмегімен жерге қосу, полярлық, қысқа тұйықтау және жерге кедергінің тұтастығына тексеруді қайталау керек.

6. Аяқтағаннан кейін пайдалану құжаттамасына бақылау көрсеткіштерін енгізу керек.

10.1 Жалпы тексеру

Құралға техникалық қызмет көрсетер алдында мыналарды тексеріңіз және функционалдық бақылау шараларын жүргізіңіз:

1. Корпус пен мұржаның жай-күйі.
2. Түтін құбырының баулығын өтуде бөгеттің жоқтығына;
3. Электрмен қамту көзіне қосылу.
4. Құбыр желісінің арматурасы.
5. Газ қосылысы.
6. Жүйедегі қысым.


Жалғастырар алдында барлық кемшіліктерді жойыңыз.

10.2 Техникалық қызмет көрсетуге дайындау

Пайдалануға енгізер немесе бөлшектерін ауыстырар алдында қазан суық және электрмен қамту көзінен ажыратылған болуы тиіс; газ беруді газ краны арқылы жабу қажет. 10.1-суретті қараңыз.

10.1-параграфта берілген нұсқауларды аяқтағаннан кейін келесі әрекеттерді жасаңыз:

- Қазанның астыңғы жағындағы екі бұрамасын бұрап алып, корпустың алдыңғы панелін алыңыз. Корпустың алдыңғы бөлігін көтеріңіз де ұстап тұрған қапсырмаларды босатыңыз. 8.1-суретті қараңыз.
- Екі бұраманы бұрап алып, корпустың ішкі панелін алыңыз. Корпустың ішкі панелін көтеріңіз де, ұстап тұрған қапсырмаларды босатыңыз. 10.2-суретті қараңыз
- Астыңғы және үстіңгі жақтағы бұрамаларды бұрап алып, бүйірлік панелдерді алыңыз. Өзіңізге қарай жоғары тартып, панельді шешіңіз. 10.3-суретті қараңыз.
- Алты бұраманы бұрап алып, жану камерасының қақпағын алыңыз. 10.4-суретті қараңыз.




10.1-сурет




10.2-сурет



10.3-сурет



10.4-сурет



10.5-сурет

10.3 Желдеткішті алу

Электр қосылысы мен пневматикалық реленің қосу құбырларын желдеткіштен ажыратыңыз, желдеткішті бекітетін бұраманы бұрап алыңыз және оны корпусынан алып шығыңыз. 10.5-суретті қараңыз.


10 Техникалық қызмет көрсету

10.4 Шілтерді алу
Жану камерасынан шілтер блогын мынадай тәсілмен алып шығыңыз:
Жағу және жалын электродтарын басқару платасынан алыңыз –
жану камерасының негізінен оқшаулағыш төлкесі бар сымдарды ажыратыңыз. 10.6 және 10.7-суретті қараңыз.
Шілтерді жан жағынан бектіп тұрған бұрамаларды бұрап алып, шілтерді алыңыз. 10.8-диаграмманы қараңыз.

10.5 Көрнекі бақылау
Бөгде заттардың болуы/зақымдалу мен тазалық/келесі бөлшектерді ауыстыру қажеттілігін бақылау: **Жылуалмастырғыш, шілтер, желдеткіш/жану камерасы/электродтар мен оқшаулау/төсем МАҢЫЗДЫ:** Жұмсақ мата немесе шаңсорғышты пайдалана отырып, жылуалмастырғышты тазалаңыз. Жылуалмастырғыштың сырланған бетін зақымдауы мүмкін заттарды пайдаланбаңыз.
Шілтерді сабынды сумен жуыңыз. Оны қайта орнатар алдында жақсылап кебуге уақыт беріңіз.
Шілтердің бүркігішті тазарту үшін сымды немесе үшкір заттарды пайдаланбаңыз.
Жағу электродының саңылауы 4 мм-ге реттелгеніне көз жеткізіңіз. 10.7-суретті қараңыз.

10.6 Суық су кірісіндегі сүзгі
Қазан әр техникалық қызмет көрсету кезінде тексерілуі тиіс суық су шығысындағы сүзгімен жабдықталды. 10.9-суретті қараңыз.
Сүзгіге қол жеткізу былайша жүзеге асырылады:
Тұрмыстық су контурының суық су шығысындағы серистік кранды жабыңыз.
Су контурын босату үшін ыстық судың бір немесе көп кранын ашыңыз. Қазанға ыстық су беруін ажыратыңыз. Сүзгіні тазалаңыз және қараңыз, қажет болса 15.19 «Бөлшектерді ауыстыру» бөлімінде көрсетілгендей ітп ауыстырыңыз.
Сүзгіні қайта орнатыңыз және қазанға суық су беруді қосыңыз. Қажет болса жаңа төсеме орнатыңыз.
Қазанға суық су кірісіндегі сервистік кранды толығымен ашыңыз және жылыстаудың болу-болмауына тексеріңіз.

10.7 Аяқтау
Техникалық қызмет көрсетуді аяқтағаннан кейін қазанның бөліктерін кері тәртіппен жинаңыз, барлық қосу бөлшектері мен төсемелер зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
Кез келген зақымдалған оқшаулаушы материалдар немесе төсемені ауыстыру керек.
Қазанды қайтадан электр және газбен қамту көздеріне қосыңыз да, газдың жылыстауының болу-болмауын және қазанның тиісінше жұмысын тексеріңіз.



Шілтердің сол жағы

10.7-сурет



10.8-сурет




СУЫҚ СУ КІРІСІНДЕГІ СҮЗГІ

10.9-сурет

11 Ақауларды анықтау

КОД	АНЫҚТАМА
F01	Қызып кету салдарынан бұзылу
F02	Ыстық тұрмыстық су NTC датчигінің бұзылуы
F03	Жылу беру желісінің NTC датчигінің бұзылуы
F04	Иондау проблемасынан туындаған бұзылу (жалынның жоқ болуы)
F05	Ауаны берудегі бұзылу
F06	Жылыту жүйесінің кері желісінің NTC датчигінің бұзылуы
F07	Газ клапаны жетегінің бұзылуы
F08	Беру желісінің NTC датчигінің бұзылуы. Қызып кету.
F09	Прессостат түйіспесінің бұзылуы
F10	Циркуляциядағы істен шығу
F11	Циркуляцияның бұзылуы
F12	Төмен кернеу (Кернеу < 165 В)
F13	NTC датчигінің бұзылуы



F01 Қыздыру салдарынан бұзылу
Жылыту жүйесінде су температурасы 98°C асса, қазан ажырайды, ал СК-экранда бір уақытта бастапқы күйге қайту (RESET) және «F01» индикаторлары пайда болады. Авторланған сервистік қызметке жүгіну керек.

F02 Ыстық тұрмыстық судың NTC датчигі туындатқан бұзылу: Егер ыстық судың NTC датчигінің істен шықса, СК-экранда F02 бұзылу коды пайда болады. Қазан солай бола тұрса да қызмет етеді және қазанның ішінде орналасқан жылыту жүйесінің NTC датчиктерімен белгіленген ыстық тұрмыстық суға тұтынуды қанағаттандырады.

F03 Жылыту жүйесінің беруінің NTC датчигінің бұзылуы: егер жылыту жүйесіне су берудің NTC датчигі істен шықса, СК-экранда F03 бұзылу коды пайда болады. Авторланған сервистік қызметке жүгіну керек.

F04 Иондау проблемасынан туындаған бұзылу (жалынның жоқ болуы)
Жағудың сәтсіз әрекеттері салдарынан газ беруді тоқтату не болмаса иондау электродының бұзылуы кезінде СК-экранда F04 бұзылу коды пайда болады. Қазан стартын қайта әрекет ету үшін «RESET» түймешегін басыңыз. Газ краны жабық екеніне көз жеткізіңіз. Егер мәселе шешілмесе, авторланған сервистік қызметке жүгініңіз.

F05 Ауа берудегі ақау
Қазанға ауа беруде ақау болған кезде (мысалы, түтін шығу жолы бұғаттанса) не болмаса желідегі төмен кернеу кезінде (<165В), СК-экранда F05 бұзылу коды пайда болады. Егер мәселе шешілмесе, авторланған сервистік қызметке жүгініңіз.

F06 Жылыту жүйесінің кері желісінің NTC датчигінің бұзылуы
Егер жылыту жүйесінің кері желісінің NTC датчигі істен шықса, СК-экранда F06 бұзылу коды пайда болады. Авторланған сервистік қызметке жүгіну керек.

F07 Газ клапаны жетегінің бұзылуы
Газ клапаны жетегінің тізбегіндегі бұзылу.

F08 Беру желісінің NTC датчигінің бұзылуы.
Қызып кету: Егер жылыту жүйесінің беру желісінің температурасы 95°C асса, СК-дисплейде F08 қате коды пайда болады.

F09 Прессостат түйіспесінің бұзылуы
Егер іске қосу немесе қайта қосылу кезінде прессостат бұғаттанады, СК-экранда F09 бұзылу коды пайда болады. Алдымен электр қуатын ажыратып, қайта қосыңыз. Егер мәселе шешілмесе, авторланған сервистік қызметке жүгініңіз.

F10 Жылыту жүйесінің қысым датчигінің бұзылуы
Қысым датчигі істен шықса не болмаса қысым 0,3 бардан төмендесе, немесе 2,7 бардан артса, СК-экранда F10 бұзылу коды пайда болады. Қысымның мәні 1 және 2 бар арасында ұсталуы керек. Төмен қысым кезінде қазанның төменгі бөлігінде орналасқан қоректендіру вентилінің көмегімен қазанды толтырыңыз. Егер мәселе шешілмесе, авторланған сервистік қызметке жүгініңіз.

F11 Циркуляцияның бұзылуы: Егер беру желісі мен кері желінің арасындағы су температурасының айырмашылығы 35°C асса, СК-экранда F11 бұзылу коды пайда болады. Бұл мәселе жылыту жүйесінің көлемі немесе типінен пайда болуы мүмкін. Егер мәселе шешілмесе, авторланған сервистік қызметке немесе құрастыру ұйымына жүгініңіз.

F12 Төмен кернеу салдарынан бұзылу (Кернеу<165В)
Егер желідгі кернеу 165В төмен болса, СК-экранда F12 бұзылу коды пайда болады. Егер мәселе шешілмесе желідегі кернеудің номинал шамасын (230 В АС) тексеру үшін авторланған құрастыру ұйымына жүгініңіз.


ЕСКЕРТУ: СК-экранда бұзылу кодымен бірге RESET белгісі пайда болса, RESET түймешегін бір рет басып жүйені қайта іске қосу қажет.

F13 NTC датчиктің бұзылуы: NTC датчигінің кабелі зақымдалды, NTC датчигінің штекерлік қосылысы істен шықты, электрониканың штекерлік қосылысы бұзылды Егер жылыту жүйесінің кері желісінің температурасы беру желісінің температурасынан 7°C-ға артса және 20 сек ішінде сондай болып қалса, F13 қате коды пайда болады.

12 Параметрлерді теңшеу

12.1 Бағдарламаланатын параметрлер (Сервистік код: 11)

Жылыту жүйесінің температураны реттегішін «max» қалпына қойыңыз. Ыстық су температурасын реттегішті «min»-нан «max» қалпына дейін үш рет бұрыңыз.



12 Параметрлерді теңшеу


Параметр Сан	Параметрді анықтау Параметр теңшеулерінің мәні	Фабрикалық теңшеулер	Айм.диапазон
PP01	Газ типін таңдау 0: ТГ 1: СМГ	0	0-1
PP02	Қуаттылық мәнін таңдау (70-100%) 3:70 2:80 1:90 0:100	0	0-3
PP03	Параметр пайдаланылмайды		
PP04	Жылыту контурындағы жылутасығыш температурасын теңшеу диапазоны (едендік жылытуды таңдау) 0: 38-85°C 1: 30-50°C (Едендік жылыту)	0	0-1
PP05	Параметр пайдаланылмайды		
PP06	Сорғы функциясы 0: Қысқы режимде үздіксіз қызмет ету 1: Бөлмелік термостатпен (келесі жұмыс = 45 сек.) 2. Сыртқы сорғы (Қазан сорғысы жылыту эүйесінде жұмыс істемейді) 3. СН режимінде 300 секунд тазартуды хабарлаңыз	0	0-3
PP07	Бағдарламаланатын таймерді таңдау 0: Таймерсіз 1: Таймермен	0	0-1
PP08	ЫСҚ контурынан жылытуға өту уақыты 0: Кідіріссіз өту 1: 45 секундтан кейін	0	0-1
PP09	Қосымша ыстық су багын таңдау 0: Қосымша ыстық су багынсыз. 1: Қосымша ыстық су багымен.	0	0-1
PP10	Қосымша ыстық су багының датчигін таңдау 0: NTC датчигі 1: Биметалл датчик	0	0-1
PP11	Іске қосқыштың қуаттылығы (%) - Газ клапанының макс.қадамы 0: Автоматты 1: 0.3x$I_{макс}$ 2: 0.4x$I_{макс.}$ 3: 0.5x$I_{макс.}$ 4: 0.6x$I_{макс}$	0	0-4
PP12	ECO – Ығысуды теңшеу кестесі 0: ECO-кестеге сәйкес ығысу 1: ECO-кестесіндегі деректерге қрағанда +5°C ығысу	1	0-1
PP13	ЫСҚ жұмыс режимі 0: ЫСҚ макс.71°C (үздіксіз) температурада сөнеді; 1: ЫСҚ±1°C (Қос/сөнд)	1	0-1
PP14	Жабдықтың типі 0: Жабық жану камерасы 1: Ашық жану камерасы	0	0-1
PP15	AFCT параметрі – Күту уақыты 0: AFCT қол жетімсіз 1: бір минут 2: екі минут 3: үш минут 4: төрт минут 5: бес минут	3	0-5

12 Параметрлерді теңшеу

12.2 Бағдарламаланатын IF параметрлері (Сервистік код: 16)

АҚПАРАТТЫҚ ПАРАМЕТРЛЕР (СЕРВИСТІК КОД: 16)	
ПАРАМЕТР №	**ПАРАМЕТРДІҢ МӘНІ**
IF01	Қазанға берудегі жылутасығыштың температурасы (°C)
IF02	ЫСҚ температурасы (°C)
IF03	ЫСҚ шығыны (л/мин)
IF04	Басқару платасының бағдарламалық жасақтамасының нұсқасы
IF05	Газ клапаны қадамының мәні (%)
IF06	Қазанның кері желісіндегі жылутасығыштың температурасы (°C)

Жылыту жүйесінің температуралық реттегішін «max» қалпына бұраңыз.
ЫСҚ температурасын реттегішті «min»-нен «max» дейін үш рет бұраңыз.



13 Газ қысымын теңшеу

LYNX 24 және LYNX 28 модельді құралдар фабрикада қалаулы жылыту өнімділігін қамтамасыз ететіндей етіп реттелген. Өнімділікті жобаланған жылыту жүйесінің қажеттіліктеріне қарай реттеуге болады.



13.1-сурет

Газ қысымын бақылау үшін U-тәріздес манометрді газ клапанының тиісті штуцерлеріне қосу керек (13.1-сурет)

13.1 Шілтер шүмегіндегі максималды қысым

Қазанның шілтері жұмыс істеп тұрғанда шүмектегі максималды қысымды SW10-ды (сторінка 54) келтірілген мәндерді ескерумен бұрап реттеңіз.

13.2 Шілтер шүмегіндегі минималды қысым


Шілтер жұмыс істеп тұрғанда модуляция кабельдерін газ клапанының модуляция орауышынан ажыратыңыз.
Газ клапанының пластикалық реттеу бұрамасын пайдалана отырып, оны жайпақ бұрауышпен бұрап, шілтер шүмегіндегі минималды қысымды реттеңіз.
Теңшеуден кейін модуляция кабельдерін модуляция орауышына қосыңыз.

Ескерту: ЫСҚ-да қуаттылықты теңшеу талап етілмейді.

Газдың басқа типіне қайта баптау
Lynx 24/28

Маңызды! Газдың басқа типіне қайта баптауды Protherm фирмасы аттестаттаған маман ғана жүргізуі тиіс.


Қазанды газ және электрмен қамту көздерінен ажырату керек.
Газ құбыры мен шілтер рампасы арасындағы салма сомынды AA30 кілтінің көмегімен бұрап алыңыз.



Газ құбыры және газ клапаны арасындағы салма сомынды AA32 кілтінің көмегімен бұрап алыңыз.



Шілтер мен шілтер рампасын қосып тұрған 4 бұраманы бұрауыштың көмегімен бұрап алыңыз.



Шілтердің жаңа рампасын (газ типін ескерумен таңдалатын) сол жолмен қайта орнына орнату керек.
Газ құбыры мен газ клапаны арасындағы салма сомынды AA32 кілтінің көмегімен орнына бұраңыз.
Газ құбыры мен шілтер рампасы арасындағы салма сомынды AA30 кілттің көмегін бұраңыз.

Шілтер рампасының қажетті типін орнатқаннан кейін қазанды іске қосыңыз да, параметрлерді төменде көрсетілгендей теңшеңіз:

1- Бағдарламаланатын параметрлер мәзіріне газдың қажетті типін таңдаңыз

БАҒДАРЛАМАЛАНАТЫН ПАРАМЕТРЛЕР (СЕРВИСТІК КОД: 11)				
ПАРАМЕТР №	ПАРАМЕТРДІ АНЫҚТАУ	ЗАУЫТТЫҚ ТЕҢШЕУ	ТЕҢШЕУ ДИАПАЗОНЫ	ТҮЗЕЛЕТІН ПАРАМЕТРЛЕР МӘНІ
PP01	Газ типі Таңдау	0	0-1	0: ТГ 1: СМГ

2- Газдың қажетті типін ескерумен шілтер шүмегінде минималды және максималды қысым үшін қажетті теңшеуді жүргізіңіз.

- Шілтер шүмегішндегі минималды және максималды қысымды 13-бөлімдегідей теңшеңіз.
- Қазанның жүмысын тексеріңіз.

Маңызды!
Қазанды газдың басқа типіне қайта баптауды қайта баптау жинағында бар этикетканы қазанның негізгі сипаттамалары бар тақтайшаға жабыстырып белгілеу керек.


15 Бөлшектерді ауыстыру

15.0 Жалпы ақпарат
Бөлшектерді ауыстыруды құзыретті тұлға жүргізуі тиіс.
Кез келген бөлшекті ауыстырар алдында қазанды жлектрмен қамту көзінен ажырату, газ беруді қазанда орналасқан газбен қамтуды тоқтату крановының көмегімен тоқтату керек.
Электр қосылысы тетіктері оларды алап алдында электрмен қамту көзінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
Егер басқасы көрсетілмесе, тетіктерді ауыстыру алуға кері тәртіппен жүргізіледі.
Кез келген бөлшекті ауыстырғаннан кейін газ герметикалылығына әрқашан тексеру керек және егер қажет болса бақылау құрылғыларына функционалдық тест жүргізу керек.
Бөлшектерді ауыстыруды жүзеге асыру үшін корпустың алдыңғы панелін алу керек. Ол үшін корпустың алдыңғы панелінің төменгі жағында орналасқан екі бұраманы бұрап алыңыз және ұстап тұрған қапсырмаларды босатыңыз. 8.1-суретті қараңыз.
Бөлшектерді ауыстыру үдерісін жеңілдету үшін бүйірлік панельдерді алуға болады. 10.3-суретті қараңыз.
Ол үшін бйірлік панельдерді қазанға бекітіп тұрған екі бұраманы бұрап алыңыз.

15.1 Қазанды босату
Кіріктірілген сорғы, кеңейткіш бак, сақтандырғыш-түсіру клапанын және қысым датчигін, гидравликалық контурды ауыстыру кезінде жылыту жүйесінің барлығын босату қажеттілігін болдырмау үшін қазанның сервистік крандарын жауып, орталықтан жылыту контурынан оқшаулауға болады. Қазанның гидравликалық контуры төгу вентилін ашу арқылы босатылады.
ЕСКЕРТУ: қазанды қайта толтырар алдында герметикалылықты қамтамасыз ету үшін клапан ұяшықтарын тазартыңыз.
Бөлшектерді ауыстырғаннан кейін жылыту контурының беру және кері құбыр желісіндегі сервистік крандарды ашыңыз, толтырыңыз, ауаны шығарыңыз және жылыту контурындағы қысымды көтеріңіз. 9.1-бөлімді қараңыз.

15.2 Қазанның ыстық су контурын босату
ЫСҚ контурын қазанда орналасқан суық су сервистік кранын жауып босатыңыз.
Ыстық су контурын босату үшін бір немесе бірнеше ыстық су кранын ашыңыз.
Бөлшектерді ауыстырғаннан кейін суық су сервистік кранын ашыңыз және ауаны шығару үшін араластырғыштың ыстық су кранын ақырын ашыңыз. Араластырғыштың ыстық су кранын жабыңыз да, жылыстауға тексеріңіз.

15.3 ЫСҚ датчигі
15.0-бөлімінде қол жеткізу рәсімін қараңыз.
ЫСҚ суы ыстық су гидроблогының сол жағында орналасқан. 15.1-суретті қараңыз,
ЫСҚ контурының датчигінен электр сымдарды абайлап ажыратыңыз.
ЫСҚ датчигін 13 мм сомын кілтімен ажыратыңыз.
Тығыздағыш төсеменің орналасу дұрыстығын тексеріп, жаңа ЫСҚ датчигін орнатыңыз.
Электр сымды жаңа датчикке қайта қосыңыз.



15.1-сурет

15.4 Беру желісінің температура датчигі
Қолжеткізу рәсімін 15.0-бөлімінен қараңыз. Беру желісінің температура датчигі бастапқы жылуалмастырғыштың шығысындағы жану камерасының сол жағында орналасқан. 15.2-диаграмманы қараңыз.
Датчиктің бекітпесін құбырдан босатыңыз.
Электр сымды датчиктен ажыратыңыз.
Жаңа датчикті орнатыңыз.
Электр сымын қайта қосыңыз.




15.2-сурет

15.5 Желдеткіш
Қолжеткізу рәсімін 15.0-бөлімнен қараңыз.
Желдеткішті ауыстыру сипатталған 10.4-бөлімді қараңыз.
Жаңа желдеткішті кері тәртіппен орнатыңыз да, электр сым мен өлшек түтігін қайта қосыңыз.

15.6 Прессостат


Қолжеткізу рәсімін 15.0-бөлімнен қараңыз.
Прессостат кеңейткіш бактың үстінде орналасқан.
15.3-суретті қараңыз. Өлшеу түтігін алыңыз да, қай түтк қай ағытпаға қосылатынын белгілеп, электрсымды прессостаттан ажыратыңыз.
Бектіу қапсырмасын босатып алыңыз.
Алғанға кері тәртіппен қысымның жаңа пневматикалық релесін орнатыңыз.



15.3-сурет

15.7 Шілтер

Шілтерді ауыстыру сипатталған 10.4-бөлімді қараңыз. Қайта жинау кезінде пайдалану үшін барлық тығыздағыштар/төсемелерді сақтаңыз. 15.4-суретте көрсетілгендей етіп шілтер шүмегін алыңыз.
Шілтердің жаңа рампасын орнатыңыз және бекітіңіз, әрқайсысында көрсетілген біріккіш өлшемі «Қазанның техникалық сипаттамасы» бөлімінде, 7-бет) көрсетілгенге пайдаланылатын газ типін ескерумен сәйкесетініне көз жеткізіңіз, Қажет болса, зақымдалған төсемелерді ауыстырыңыз.
Шілтерді кері тәртіппен жинаңыз.
Газдың жылыстауы мен қазанның дұрыс жұмысын тексеріңіз.




15.4-сурет

15.8 Басқару платасы

Қолжеткізу рәсімін 15.0-бөлімнен қараңыз.
Электрмен қамтуды ажыратыңыз. Бақылау панелінің алдыңғы жағындағы екі алдыңғы ұстайтын қысқышты босатыңыз. 8.4-суретті қараңыз.
Басқару платасы бар басқару блогының корпусын босатыңыз да абайлап түсіріңіз. 8.5-суретті қараңыз.
Барлық терминалдардың орналасуын белгілеп, электр сымды басқару платасынан абайлап ажыратыңыз. Басқару платасын басқару блогына бекітетін төрт бұраманы бұрап алыңыз.
Басқарудың жаңа платасын орнатуды алғанға кері тәртіппен, электрсымдары ұяшықтарды тығыз отырғанына назар аудара отырып орнатылуы тиіс.
Тексеріңіз және қажет болса потенциометрлер мен DIP-ауыстырып-қосқыштарды реттеңіз, басқарудың ескі платасында болған мндерді орнатыңыз.

15.9 Сорғы қозғалтқыштарын ауыстыру


Қолжеткізу рәсімін 15.0-бөлімнен қараңыз.
Қазан контурын 15.2-бөлімде көрсетілгендей босатыңыз.
Бұрамаларды бұрап алыңыз. 15.5-суретті қараңыз.
Қозғалтқыш қақпағын алыңыз және кабель қораһынан жлектр сымды ажыратыңыз. Жаңа қозғалтқышты кері тәртіппен орнатыңыз, электр қосылыстарының дұрыс полярлығын сақтаңыз. Беру және кері қосылыстардағы сервистік крандарды қайта ашыңыз, қайтадан толтырыңыз, ауаны шығарыңыз және жүйедегі қысымды көтеріңіз.
Жылыстауға тексеру жүргізіңіз.




15.5-сурет

15.10 Сорғының корпусы


Қолжеткізу рәсімін 15.0-бөлімнен қараңыз. 15.21-бөлімде сипатталғандай етіп қозғалтқышты алыңыз. Судың төмен қысым датчигін алыңыз. 15.9-бөлімді қараңыз.
15.10-бөлімде көрсетілгендей екінші жылуалмастырғышты алыңыз.
Сорғы корпусындағы қапсырманы босатып, кеңейткіш бак құбырын алыңыз, (қапсырма сырт жағында орналасқан, 15.8-суретті қараңыз).
Гидроблоктан қысым датчигі мен электрсымды ажыратыңыз. Торап сомындарын алыңыз (сақтандырғыш-түсіру клапаны және сорғының шығыс саңылауы).
Қазанның төменгі бөлігінде орналасқан сорғы мен гидроблоктан бекіту бұрамаларын алып тастаңыз.
Сорғы торабын алыңыз.
Қапсырмаларды босатып, сорғы корпусын, автоматты ауа клапанын және мыс қосу тізбегін алыңыз. Осы бөлшектерді сорғының жаңа корпусына орнатыңыз.
Сорғының жаңа корпусын және тиісті бөлшектерді кері тәртіппен орнатыңыз, тығыздағыш төсемелердің герметикалылығы мен оларды орнату дұрыстығына, электр қосылыстардың дұрыс полярлылығына назар аударыңыз. Беру және кері қосылыстарда сервистік крандарды ашыңыз, қайтадан толтырыңыз, ауаны шығарыңыз және жүйедегі қысымды көтеріңіз. Жылыстауға тексеріңіз.



15.6-сурет




15.7-сурет



15.8-сурет

15.11 Судың төмен қысым датчигі

Қолжеткізу рәсімін 15.0-бөлімнен қараңыз. Қазан контурын босатыңыз. 15.2-бөлімді қараңыз.
Судың төмен қысым датчигін қазанның алдыңғы оң жағынан орналастырыңыз және электр сымын ажыратыңыз. 15.9-суретті қараңыз.
Судың төмен қысым датчигін сағат тіліне қарсы бағытта бұрап алыңыз.
Жаңа датчикті алғанға кері тәртіппен орнатыңыз, барлық тығыздағыш элементтерге назар аударыңыз.
Қажет болса зақымдалған төсемелерді ауыстырыңыз.
Беру және кері қосылыстарда сервистік крандарды ашыңыз, қайта толтырыңыз, ауаны шығарыңыз және жүйедегі қысымды көтеріңіз. Жылыстауға тексеріңіз.



15.9-сурет

15.12 – Екінші жылуалмастырғыш

Қолжеткізу рәсімін 15.0-бөлімнен қараңыз. Қазан контурын босатыңыз. 15.2-бөлімді қараңыз.
Жылуаластырғышты гидроблоктармен қосатын екі бұраманы алыңыз. 15.10-суретті қараңыз.
Сол жағында орналасқан ойықтан жылуалмастырғышты алып тастаңыз.
Тақтайшадағы нөмірлері сәйкесетінін тексеріп жаңа жылуалмастырғышты орнатыңыз және кері тәртіппен құрастыруды жүзеге асырыңыз, тығыздағыш элементтерді орналастыру мен оларды қажет болса ауыстыруға назар аударыңыз.
Беру және кері қосылыстарда сервистік крандарды ашыңыз, қайта толтырыңыз, ауаны шығарыңыз және жүйедегі қысымды көтеріңіз. Жылыстауға тексеріңіз.



15.10-сурет

15.13 Бастапқы жылуалмастырғыш

Қолжеткізу рәсімін 15.0-бөлімнен қараңыз.
Қазан контурын босатыңыз. 15.2-бөлімді қараңыз.
15.11-суретті қараңыз.
Бастапқы жылуалмастырғыш құбырларын бекітуге арналған қапсырмаларды алыңыз.
Жылытудың кері желісінің температурасының датчигін алыңыз.
Сорғы мен үшжүрісті клапанның құбырлық айыруын алыңыз.
Құбыр қосылыстарын бұзыңыз, қайта құрастыру кезінде пайдаланылатын тығыздағыш элементтерді сақтаңыз.
Жану камерасының қақпағын алыңыз. 10.4-бөлімді қараңыз.
Жылуалмастырғышты алға қарай тартып ақырын алыңыз, оқшаулауды зақымдап алмауға тырысыңыз.
Жаңа жылуалмастырғышты орнатыңыз және қазанды кері тәртіппен қайта құрастырыңыз, тығыздағыштардың тиісті орналасуына не болмаса қажет болса ауыстыруға назар аударыңыз.
Беру және кері қосылыстарда сервистік крандарды ашыңыз, қайта толтырыңыз, ауаны шығарыңыз және жүйедегі қысымды көтеріңіз. Жылыстауға тексеріңіз.



15.11-сурет


15.14 Газ клапаны

Қол жеткізу рәсімін 15.0-бөлімнен қараңыз. Қазаның газбен қамтуы ажыратулы екеніне көз жеткізіңіз.
Электр сымжы модулция кабелінен ажратыңыз.
Газ клапанының электр ағытпасын ажырату үшін бұраманы алыңыз.
Газ клапаны мен кірістегі манифольдты қосуды ажыратыңыз.
Өлшек түтігін алыңыз.
Екінші жинау кезінде пайдаланылатын тығыздағыштарды сақтаңыз.
Газ клапанының келтіруші келтеқұбыры мен газ келтірудің клапаны арасындағы негізгі газ қосылысын ажыратып, екінші рет жинау кезінде пайдалану үшін тығыздағыштарды сақтаңыз. 15.12-суретті қараңыз.
Газ клапанының бекіту бұрамалары мен қазанның төменгі жағындағы тығыздағыш төсемелерді алып тастаңыз.
15.13-суретті қараңыз.
Газ құбырын бұрыңыз да, газ клапанының торабын алыңыз.
Алғанға кері тәптіппен қайтадан орнатыңыз.
Модуляциялық орауышқа келтірілетін сымдардың полярлығы маңызды емес.
Газдың жылыстауы мен қазанның дұрыс жұмыс істеуін тексеріңіз.
Бөлшектерді ауыстыруды жүргізгеннен кейін табиғи газ үшін максималды және минималды мәндерді теңшеу керек. Олар LYNX 24 үшін 13,0 мбар/2,4 мбар және LYNX 28 үшін 14,0 мбар/2,6 мбар болуы тиіс.

Газ клапанының теңшеулерін тексеріңіз және қажет болса оны қайта реттеуді жүргізіңіз, келесі қадамдарды орындаңыз:

Ең аз реттеу
Газ клапанынан өлшеу түтігін алыңыз. Газ клапанының модуляциялық орауышынан бір келтіру сымын ажыратыңыз.
15.16-суретті қараңыз.
Газ клапанының шығыс саңылауында U-тәріздес манометрді қосыңыз.
Қазанның жұмыс режимін ауыстырып-қосқышты қысқы күйге орнатыңыз.
(Жылыту және ыстық су), 11.4-суретті қараңыз.
Жылытуды реттеу тұтқасын максималды мәнге орнатыңыз.
Газ клапанының реттегіш құрылғысынан қорғаныс қақпағын алыңыз.
Бұрауыштың көмегімен ішкі бұраманы сағат тілі бойымен бұраңыз: қысымды көтеру үшін;сағат тіліне қарсы: қысым мәнін төмендету үшін.
Тиісті реттеуді жүргізгеннен кейін – «Қазанның техникалық сипаттамасы» бөлімін 8-бетті қараңыз – электр сымын қайта қосыңыз және өлшеу түтігін орнына орнатыңыз.

Максималды реттеу
Газ клапанынан өлшеу түтігін алыңыз. 15.12-суретті қараңыз.
Газ клапанының реттегіш құралынан қорғаныс қақпағын алыңыз.
Шарды ұшталған затты пайдаланып, газ клапанының модуляциялық орауышының ішіне итеріңіз. Сомынды 10 мм кілттің көмегімен (іштегі шар бөлшекті еш қимылсыз ұстап тұрып) сағат тілі бойымен бұраңыз:
Қысымды көтеру үшін; сағат тіліне қарсы: қысымның мәнін түсіру үшін.
Түзетіп реттегеннен кейін «Қазанның техникалық сипаттамалары» бөлімін қараңыз. Соңында газ клапанының өлшеу түтігін орнына орнатыңыз.




15.12-сурет



15.13-сурет

15.15 Кеңейткіш бак


Қолжеткізу рәсімін 15.0-бөлімнен қараңыз. Қазанның контурын босатыңыз. 15.2-бөлімді қараңыз.
Кеңейткіш бактың икемді құбыр қосылысын ажыратыңыз. Қазанға кеңейткіш бакты бекітетін сомынды босатып, алыңыз.
Бүйірлік панельдерді шешіп алыңыз.
Прессостатты алыңыз. 15.6-бөлімді қараңыз. Қажет болса мұржаны алыңыз.
Негізде орнатылған қазанның ойығынан кеңейткіш бакты алып шығыңыз, алғанға кері тәртіппен жаңасын орнатыңыз, бекітер алдында құбырлық қосылыстардың тығыздағы төсемелерінің дұрыс тұруына назар аударыңыз. Қажет болса тығыздағышты ауыстырыңыз.
Қысым датчигін пайдала отырып, кеңейткіш бағы зарядының қысымы 1 барға тең екеніне көз жеткізіңіз.
Беру және кері қосылыстарда сервистік крандарды ашыңыз, қайта толтырыңыз, ауаны шығарыңыз және жүйедегі қысымды көтеріңіз. Жылыстауға тексеріңіз.



15.14-сурет

15.16 Апаттық термостат

Қолжеткізу рәсімін 15.0-бөлімнен қараңыз.
Алдщыңғы панельді, жану камерасының қақпағын және оң жақ бүйірлік панельді алыңыз.
15.19-суретті қараңыз.
Апаттық термостатты қазанның сол жағынан алдына және бастапқы жылуалмастырғыштан оң жағынан орналастырыңыз.
Электр сымды термостаттан ажыратыңыз.
Термостаттың бекіту қапсырмаларын босатыңыз.
Термостатты алғанға кері тәртіппен орнатыңыз.



15.15-сурет

15.17 Сақтандыру-түсіру клапаны

Қолжеткізу рәсімін 15.0-бөлімнен қарыңыз.
Қазанның контурын босатыңыз. 15.2-бөлімін қараңыз. 15.16-суретті қараңыз.
Шығыстағы кәріз құбырын ажыратыңыз.
R.H. гидроблогынан сақтандыру-түсіру клапанын бұрап алыңыз, қайта құрастыру кезінде пайдалану үшін о-тәріздес тығыздағы төсемені сақтап қойыңыз, қажет болса ауыстырыңыз.
Сақтандыру-түсіру клапанын алғанға кері тәртіппен орнына қайта орнатыңыз, жүйені толтырыңыз, ауаны шығарыңыз және барлық қосылыстардың герметикалылығына көз жеткізіп, қазанның қысымын көтеріңіз.



15.16-сурет

15.18 Оң және сол жақ гидроблок


Қолжеткізу рәсімін 15.0-бөлімінен қараңыз.
Қазанның контурын босатыңыз. 15.2-бөлімді қараңыз.
Екінші жылуалмастырғышты алыңыз. 15.12-бөлімді қараңыз.
Сорғы торабын алыңыз. 15.9 және 15.10-бөлімдерді қараңыз.
Бекіту қапсырмаларын босатып, гидроблок секциясын алыңыз.
Жылуалмастырғыштың шығу құбырларын босатыңыз және гидроблоктың сошл жақ секциясын алуды жеңілдету үшін құбырды бұрыңыз. Үшжүрісті клапан, электр сымы бар моторды ажыратыңыз, қапсырманы босатып, моторды алыңыз. 15.21-бөлімді қараңыз.
Жылыту контурының шығыс қосылыстарын гидроблокпен бекітетін сомынды босатыңыз. ЫСҚ контурының датчигін ажыратыңыз. 15.3-бөлімді қараңыз.
Гидроблоктың қалпын қазанға қатысты бекітетін бұраманы алыңыз.
Гидроблоктың жаңа бөлшектерін алғанға кері тәртіппен орнатыңыз, тығыздағыш элементтердің орналасу дұрыстығына назар аударыңыз, қажет болса ауыстырыңыз.
Беру және кері қосылыстардағы сервистік крандарды ашыңыз, толтырыңыз, ауаны шығарыңыз және жүйедегі қысымды көтеріңіз. Жылыстауға тексеріңіз.

15.19 Сүзгі

Қолжеткізу рәсімін 15.0-бөлімнен қараңыз.
Қазанның контурын босатыңыз. 15.2-бөлімді қараңыз.
Алу 10.6-бөлімде сипатталған.
Гидроблокқа кірісде орналасқан сүзгіні алыңыз.
Сүзігін тазалаңыз немесе ауыстырыңыз.
Бөлшектерді алғанға кері тәртіппен орнатыңыз, тығыздағыш элементтердің дұрыс орналасуына назар аударыңыз; зақымдалу орын алса, ауыстырыңыз.
Беру және кері қосылыстардағы сервистік крандарды ашыңыз, толтырыңыз, ауаны шығарыңыз және жүйедегі қысымды көтеріңіз. Жылыстауға тексеріңіз.

15.20 Шығын датчигі

Қолжеткізу рәсімін 15.0-бөлімнен қараңыз. 15.17-суретті қараңыз.
Шығын датчигін алыңыз.
Датчикті алғанға кері тәртіппен орнатыңыз.



15.17-сурет

15.21 Үшжүрісті клапаны бар мотор

Қолжеткізу рәсімін 15.0-бөлімнен қараңыз.
15.18-суретті қараңыз.
Қазан электрмен қамту көзінен АЖЫРАТУЛЫ екеніне көз жеткізіңіз.
Үшжүрісті клапаны бар моторға электр сымын ажыратыңыз.
Клапанды гидроблоктың сол жақ секциясымен қосатын қапсырмаларды босатыңыз.
Жаңа клапанды кері тәртіппен орнатыңыз, клапанның дұрыс орналасуын қамтамасыз етіңіз.



3 ЖҮРІСТІ КЛАПАНЫ БАР МОТОР

15.18-сурет

16 Қолмен тасымалдау

МАҢЫЗДЫ: келесі әрекеттерді орындау бір адамның мүмкіндіктерінен асып түсетін салмақты көтеруді талап етеді.

Тасымалдау кезінде сақтау үшін жалпы нұсқаулар
Жабдықты көтеру әрекеті алдында орынды босатыңыз.
Жүкті көтерген кезде қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз – арқаны тік ұстаңыз, аяқты пайдаланып еңкейіңіз. Жүкті өзіңізге барынша жақын ұстаңыз. Денені имеңіз, бірақ аяқтың орналасуын өзгертіп отырыңыз. Егер жүкті 2 адам көтерсе, көтеру кезіндегі қозғалысты үйлестіріңіз. Дененің/мойын-иық бөлігінің иілуін болдырмаңыз – алға/жан-жаққа иілмеңіз. Жақсылап ұстауды қамтамасыз ететін мықты қолғап кию ұсынылады, олар үшкір ұштардың болуынан ықтимал зақымданулардан қорғай алады. Қажет болғанда әрқашан көмекке жүгініңіз.

Жеткізу көлік құралынан қаптаманы алу
Рәсімді 2 адам немесе 1 адам арбаны пайдаланумен жүргізу ұсынылады. Егер жүкті 1 адам көтерсе, жүкті қапсырып алып, еңкейтіп, жүк тасығышта қажетті қалыпта орналастырып қаптаманы дайындау керек.
Жүк тасығышта жабдықты тиісті белдіктермен бекіту ұсынылады.
Жүкті көтерген кезде қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз – арқаны тік ұстаңыз, ауыртпалықты аяққа түсіріп, еңкейіңіз. Жүкті өзіңізге барынша жақын ұстаңыз. Егер жүкті 2 адам көтерсе, көтеру кезіндегі қозғалысты үйлестіріңіз. Қажет болғанда әрқашан көмекке жүгініңіз.

Қаптаманы жеткізу орнынан құрастыру орнына – бірінші қабатқа орын ауыстыру
Рәсімді 2 адам немесе 1 адам арбаны пайдаланумен жүргізу ұсынылады. Егер жүкті 1 адам көтерсе, жүкті қапсырып алып, еңкейтіп, жүк тасығышта қажетті қалыпта орналастырып қаптаманы дайындау керек.
Жүк тасығышта жабдықты тиісті белдіктермен бекіту ұсынылады. Жүкті көтерген кезде қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз – арқаны тік ұстаңыз, ауыртпалықты аяққа түсіріп, еңкейіңіз. Жүкті өзіңізге барынша жақын ұстаңыз. Егер жүкті 2 адам көтерсе, көтеру кезіндегі қозғалысты үйлестіріңіз. Жабдықты көтеру әрекеті алдында орынды босатыңыз. Қазанды жүк тасығыштан алу кезінде жүкті қапсырып алыңыз, толық қауіпсіз қапсыруды қамтамасыз ету үшін алға еңкейтіңіз. Жүкті көтерген кезде қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз – арқаны тік ұстаңыз, аяқты пайдаланып еңкейіңіз. Жүкті өзіңізге барынша жақын ұстаңыз. Денені имеңіз, бірақ аяқтың орналасуын өзгертіп отырыңыз. Шалынбай мұқият қозғалыңыз, дымқыл жерде тайып кету мүмкіндігін болдырмаңыз, баспалдақпен көтерілу кезінде абай болыңыз. Қажет болғанда әрқашан көмекке жүгініңіз.

Қаптаманы жеткізу орнынан құрастыру орнына – бірінші қабар және одан жоғары, жертөлеге орын ауыстыру
Рәсімді 2 адам немесе 1 адам арбаны пайдаланумен жүргізу ұсынылады. Егер жүкті 1 адам көтерсе, жүкті қапсырып алып, еңкейтіп, жүк тасығышта қажетті қалыпта орналастырып қаптаманы дайындау керек.
Жүк тасығышта жабдықты тиісті белдіктермен бекіту ұсынылады. Жүкті көтерген кезде қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз – арқаны тік ұстаңыз, ауыртпалықты аяққа түсіріп, еңкейіңіз. Жүкті өзіңізге барынша жақын ұстаңыз. Егер жүкті 2 адам көтерсе, көтеру кезіндегі қозғалысты үйлестіріңіз. Дененің/мойын-иық бөлігінің иілуін болдырмаңыз – алға/жан-жаққа иілмеңіз. Жабдықты көтеру әрекеті алдында орынды босатыңыз. Қазанды жүк тасығыштан алу кезінде жүкті қапсырып алыңыз, толық қауіпсіз қапсыруды қамтамасыз ету үшін алға еңкейтіңіз. Жүкті көтерген кезде қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз – арқаны тік ұстаңыз, ауыртпалықты аяққа түсіріп, еңкейіңіз. Денені имеңіз, бірақ аяқтың орналасуын өзгертіп отырыңыз. Шалынбай мұқият қозғалыңыз, дымқыл жерде тайып кету мүмкіндігін болдырмаңыз, баспалдақпен көтерілу кезінде абай болыңыз. Қажет болғанда әрқашан көмекке жүгініңіз.

16 Қолмен тасымалдау

Қаптаманы жеткізу орнынан құрастыру орнына – төбеге орын ауыстыру
Жүкті 2 адамның көтеруі ұсынылады. Көтеру кезінде қозғалысты үйлестіріңіз. Дененің/мойын-иық бөлігінің иілуін болдырмаңыз – алға/жан-жаққа иілмеңіз. Жабдықты көтеру әрекеті алдында орынды босатыңыз. Шалынбай мұқият қозғалыңыз, дымқыл жерде тайып кету мүмкіндігін болдырмаңыз, баспалдақпен көтерілу кезінде абай болыңыз. Құралды төбеге орын ауыстырғани кезде 1 адам жабдықты қабылдау үшін төбеде, ал екіншісі құралды беру және ұстау үшін астында тұруы ұсынылады.
Жүкті көтерген кезде қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз – арқаны тік ұстаңыз, ауыртпалықты аяққа түсіріп, еңкейіңіз. Жүкті өзіңізге барынша жақын ұстаңыз. Қажет болғанда әрқашан көмекке жүгініңіз. Қауіпсіз өту үшін төбеде қажетті жарық пен ежендік жабу қамтамасыз етілуі тиіс. Жүкті шатыр астындағы кеңістікке орын ауыстырар алдында оның ықтимал қаупін бағалау, қол жетімділіктің болуы, еден жабынының тұрақтылығы, жарық пен басқа факторларды назарда ұстау, қажетті шараларды қабылдау ұсынылады.

Құралдың қаптамасын ашу
Қаптаманы ашуды екі адамның жүргізгені жөн. Жұмыс алаңы бос болуы керек. Қораптың астыңғы бөлігін кесіп, картон жаппаларды ашу, қазанды аздап алға қарай еңкейтіп, сырғыту қозғалысы арқылы қазанды алып шығу ұсынылады. Жүкті көтерген кезде қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз – арқаны тік ұстаңыз, ауыртпалықты аяққа түсіріп, еңкейіңіз. Жүкті өзіңізге барынша жақын ұстаңыз. Қажет болғанда әрқашан көмекке жүгініңіз. Қаптаманы талапқа сәйкес жою керек. Жақсылап ұстауды қамтамасыз ететін мықты қолғап кию ұсынылады, олар үшкір ұштардың болуынан ықтимал зақымданулардан қорғай алады.

Құралды соңғы құрастыру үшін орналастыру – кедергінің болмауы.
Қаптаманы ашқаннан кейін құралды бір адам көтере алады. Құралды орнына бекітер алдында қабырғаға қапсырманы жақсылап бекітіңіз. Құралды алдынан және бүйірінен жақсылап қапсырыңыз, жоғары көтеріңіз, тұрақты балансқа қол жеткізуді қамтамасыз етіңіз және құрастыру планкасына қажетті орынға дейін жоғары көтеріңіз. Жүкті көтерген кезде қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз – арқаны тік ұстаңыз, ауыртпалықты аяққа түсіріп, еңкейіңіз. Денені имеңіз, бірақ аяқтың орналасуын өзгертіп отырыңыз. Көтеру кезінде артқа ауууды болдырмау үшін қазанды өзіңізге барынша жақын ұстаңыз. Жүктемені біркелкі бөлу үшін үйлескен қозғалысты қамтамасыз етіңіз. Қажет болғанда әрқашан көмекке жүгініңіз. Жақсылап ұстауды қамтамасыз ететін мықты қолғап кию ұсынылады, олар үшкір ұштардың болуынан ықтимал зақымданулардан қорғай алады.

Құралды соңғы құрастыру үшін – жұмыс үстелінің үстіне орналастыру – өтудің болжанған қиындықтары және т.б.
Қаптаманы ашқаннан кейін құралды бір адам көтере алады. Құралды орнына орнына қояр алдында қабырғаға қапсырманы жақсылап бекітіңіз. Құралды алдынан және бүйірінен жақсылап қапсырыңыз, жоғары көтеріңіз, тиімді болса жұмыс үстелінің үстіне қойыңыз. Тұрақты балансқа қол жеткізуді қамтамасыз етіңіз және құрастыру планкасына қажетті орынға дейін жоғары көтеріңіз. Егер құрастыру планкасында орналастыруды екі адам жүргізсе, қазанды алдынан, бүйірінен және қазан негізінің астынан жақсылап қапсырып алуды қамтамасыз етіңіз. Жүктемені біркелкі бөлу үшін екі жұмыскердің үйлескен қозғалысын қамтамасыз етіңіз. Жүкті көтерген кезде қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз – арқаны тік ұстаңыз, ауыртпалықты аяққа түсіріп, еңкейіңіз. Денені имеңіз, бірақ аяқтың орналасуын өзгертіп отырыңыз. Көтеру кезінде артқа ауууды болдырмау үшін қазанды өзіңізге барынша жақын ұстаңыз. Дененің/мойын-иық бөлігінің иілуін болдырмаңыз – алға/жан-жаққа иілмеңіз. Қажет болғанда әрқашан көмекке жүгініңіз. Жақсылап ұстауды қамтамасыз ететін мықты қолғап кию ұсынылады, олар үшкір ұштардың болуынан ықтимал зақымданулардан қорғай алады.

16 Қолмен тасымалдау

Құралды соңғы құрастыру үшін – құрастыру орнымен шектелген бөліктің ішіне орналастыру және т.б.
Қаптаманы ашқаннан кейін құралды бір адам көтере алады. Құралды орнына орнына қояр алдында қабырғаға қапсырманы жақсылап бекітіңіз. Құралды алдынан және бүйірінен жақсылап қапсырыңыз, жоғары көтеріңіз, тиімді болса жұмыс үстелінің үстіне қойыңыз. Тұрақты балансқа қол жеткізуді қамтамасыз етіңіз және құрастыру планкасына қажетті орынға дейін жоғары көтеріңіз. Егер құрастыру планкасында орналастыруды екі адам жүргізсе, қазанды алдынан, бүйірінен және қазан негізінің астынан жақсылап қапсырып алуды қамтамасыз етіңіз. Жүктемені біркелкі бөлу үшін екі жұмыскердің үйлескен қозғалысын қамтамасыз етіңіз. Егер орналастыруды бір адам жүргізсе қазанды негіздің астынан жақсылап ұстау ұсынылады. Жүкті көтерген кезде қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз – арқаны тік ұстаңыз, ауыртпалықты аяққа түсіріп, еңкейіңіз. Денені имеңіз, бірақ аяқтың орналасуын өзгертіп отырыңыз. Көтеру кезінде артқа ауууды болдырмау үшін қазанды өзіңізге барынша жақын ұстаңыз. Қажет болғанда әрқашан көмекке жүгініңіз. Жақсылап ұстауды қамтамасыз ететін мықты қолғап кию ұсынылады, олар үшкір ұштардың болуынан ықтимал зақымданулардан қорғай алады.

Құралды соңғы құрастыру үшін орналастыру – шатыр астындағы кеңістікте шектеулі жердегі құрастыру.
Қаптаманы ашқаннан кейін құралды бір адам көтере алады. Құралды алдынан және бүйірінен жақсылап қапсырыңыз, жоғары көтеріңіз, тұрақты балансқа қол жеткізуді қамтамасыз етіңіз және құрастыру планкасына қажетті орынға дейін жоғары көтеріңіз. Егер құрастыру планкасында орналастыруды екі адам жүргізсе, қазанды алдынан, бүйірінен және қазан негізінің астынан жақсылап қапсырып алуды қамтамасыз етіңіз. Жүктемені біркелкі бөлу үшін екі жұмыскердің үйлескен қозғалысын қамтамасыз етіңіз. Егер орналастыруды бір адам жүргізсе қазанды негіздің астынан жақсылап ұстау ұсынылады. Жүкті көтерген кезде қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз – арқаны тік ұстаңыз, ауыртпалықты аяққа түсіріп, еңкейіңіз. Денені имеңіз, бірақ аяқтың орналасуын өзгертіп отырыңыз. Көтеру кезінде артқа ауууды болдырмау үшін қазанды өзіңізге барынша жақын ұстаңыз. Қажет болғанда әрқашан көмекке жүгініңіз. Жақсылап ұстауды қамтамасыз ететін мықты қолғап кию ұсынылады, олар үшкір ұштардың болуынан ықтимал зақымданулардан қорғай алады. Жүкті шатыр астындағы кеңістікке орын ауыстырар алдында оның ықтимал қаупін бағалау, қол жетімділіктің болуы, еден жабынының тұрақтылығы, жарық пен басқа факторларды назарда ұстау, қажетті шараларды қабылдау ұсынылады.

РФ-да өнім беруші:
Вайлант Груп Рус ЖШҚ
Мекенжайы:
123423, Ресей, Мәскеу қ.,
Народное ополчение к-су, 34, 1-ғим.
Тел.: +7(495)788-45-44
Факс: +7(495)788-45-65
Эл.пошта: info@protherm-ru.ru
www.protherm.ru

Өндіруші:
Türk DemirDöküm Fabrikaları
A.Ş. 4 Eylül Mah. İsmet İnönü
Cad. No: 245, 11300
Bozüyük-Bilecik/Turkey

Беларусь Республикасындағы
«Vaillant GmbH» өкілдігі Мекенжайы:
220108, Беларусь Республикасы,
Минск қаласы, Казинца көшесі, 92-үй,
1-корпус, 3-бөлме (16-кеңсе)